**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 9 қарашадағы 490-IV Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат ; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24 , 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар):

1) бүкіл мәтін бойынша бөлімдердің нөмірленуі араб цифрларымен белгіленсін;

2) мынадай мазмұндағы мазмұнмен толықтырылсын:

«Мазмұны

Жалпы бөлім
1-бөлім. Қылмыстық заң
1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы
2-бап. Қылмыстық кодекстің міндеттері
3-бап. Қылмыстық жауаптылық негізі
4-бап. Қылмыстық заңның уақыт бойынша қолданылуы
5-бап. Қылмыстық заңның кері күші
6-бап. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасы аумағында қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылуы
7-бап. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылуы
8-бап. Қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру

2-бөлім. Қылмыс
9-бап. Қылмыс ұғымы
10-бап. Қылмыс санаттары
10-1-бап. Әкімшілік преюдиция
11-бап. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы
12-бап. Қылмыстардың жиынтығы
13-бап. Қылмыстың қайталануы
14-бап. Қылмыстық жауапқа тартылуға тиісті адамдар
15-бап. Қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы
16-бап. Есі дұрыс еместік
17-бап. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын, психикасы бұзылған адамның қылмыстық жауаптылығы
18-бап. Мас күйінде қылмыс жасаған адамның қылмыстық жауаптылығы
19-бап. Кінә
20-бап. Қасақана жасалған қылмыс
21-бап. Абайсызда жасалған қылмыс
22-бап. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс үшін жауаптылық
23-бап. Жазықсыз зиян келтіру
24-бап. Қылмысқа дайындалу және қылмыс жасауға оқталу
25-бап. Аяқталған қылмыс
26-бап. Қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту
27-бап. Қылмысқа қатысу ұғымы
28-бап. Қылмысқа қатысушылардың түрлері
29-бап. Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы
30-бап. Қылмысқа қатысушының шектен шығушылығы
31-бап. Қылмысқа қатысу нысандары
32-бап. Қажетті қорғану
33-бап. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру
34-бап. Аса қажеттілік
34-1-бап. Жедел-іздестіру шараларын жүзеге асыру
35-бап. Орынды тәуекел
36-бап. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу
37-бап. Бұйрықты немесе өкімді орындау
3-бөлім. Жаза
38-бап. Жаза ұғымы мен оның мақсаттары
39-бап. Жазаның түрлері
40-бап. Айыппұл
41-бап. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру

42-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту
43-бап. Түзеу жұмыстары
44-бап. Әскери қызмет бойынша шектеу
45-бап. Бас бостандығын шектеу
46-бап. Абақтыда ұстау
47-бап. 2009 жылғы 10 шілдедегі № 177-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
48-бап. Бас бостандығынан айыру
49-бап. Өлім жазасы
50-бап. Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру
51-бап. Мүлікті тәркілеу
4-бөлім. Жаза тағайындау
52-бап. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері
53-бап. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар
54-бап. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар
55-бап. Осы қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау
56-бап. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау
57-бап. Қатысумен жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау
58-бап. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау
59-бап. Қылмыстардың қайталануы жағдайында жаза тағайындау
60-бап. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау
61-бап. Жаза мерзімдерін қосу кезінде оларды белгілеу тәртібі
62-бап. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу
63-бап. Шартты түрде соттау
64-бап. Шартты түрде соттаудың күшін жою немесе сынақ мерзімін ұзарту
5-бөлім. Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату
65-бап. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
66-бап. Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату
67-бап. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
68-бап. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
69-бап. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
70-бап. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату
71-бап. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру
72-бап. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру
73-бап. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату
74-бап. Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді

кейінге қалдыру
75-бап. Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату
76-бап. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату
77-бап. Соттылық
6-бөлім. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы
78-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы
79-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері
80-бап. Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау
81-бап. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату
82-бап. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары
83-бап. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны және оларды қолдану мерзімдері
84-бап. Кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату
85-бап. Ескіру мерзімі
86-бап. Соттылықты жою мерзімі
87-бап. Осы бөлімнің ережелерін он сегізден жиырма бірге дейінгі жастағы адамдарға қолдану
7-бөлім. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары
88-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері
89-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсаттары
90-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері
91-бап. Амбулаторияда мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу
92-бап. Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу
93-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату
94-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау
95-бап. Жазаны орындауға қосылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары
Ерекше бөлім
1-тарау. Жеке адамға қарсы қылмыс
96-бап. Кісі өлтіру
97-бап. Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі
98-бап. Жан күйзелісі жағдайында жасалған кісі өлтіру
99-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру
100-бап. Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру
101-бап. Абайсызда кісі өлтіру
102-бап. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу

103-бап. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру
104-бап. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру
105-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
106-бап. 2004 жылғы 9 желтоқсандағы № 10 ҚР Заңымен алып тасталды
107-бап. Азаптау
108-бап. Денсаулыққа жан күйзелісі жағдайында зиян келтіру
109-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру
110-бап. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру
111-бап. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру
112-бап. Қорқыту
113-бап. Адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу
114-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы
114-1-бап. Клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзу
115-бап. Соз ауруын жұқтыру
116-бап. Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы
117-бап. Заңсыз аборт жасау
118-бап. Науқасқа көмек көрсетпеу
119-бап. Қауіпті жағдайда қалдыру
120-бап. Зорлау
121-бап. Нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану іс-әрекеттері
122-бап. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер
123-бап. Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету
124-бап. Жас балаларды азғындату
125-бап. Адам ұрлау
126-бап. Бас бостандығынан заңсыз айыру
127-бап. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру
128-бап. Адамды саудаға салу
129-бап. Жала жабу
130-бап. Қорлау
2-тарау. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар
131-бап. Кәмелетке толмағанды қылмыстық іске тарту
132-бап. Кәмелетке толмағанды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту

132-1-бап. Кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту
133-бап. Кәмелетке толмағандарды саудаға салу
134-бап. Баланы ауыстыру
135-бап. Бала асырап алу құпиясын жария ету
136-бап. Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару
137-бап. Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау
138-бап. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау
139-бап. Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану
140-бап. Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару
3-тарау. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар
141-бап. Азаматтардың тең құқығын бұзу
141-1-бап. Қинау
142-бап. Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу
143-бап. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзу
144-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету
145-бап. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу
146-бап. Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау
147-бап. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу
148-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу
149-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
150-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
150-1-бап. Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі жасау
151-бап. Жиналыс, митинг, демонстрация, шерулер өткізуге, тосқауылдарға тұруға немесе оларға қатысуға кедергі жасау
152-бап. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу
153-бап. Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу
154-бап. 2004 жылғы 9 желтоқсандағы № 10 ҚР Заңымен алып тасталды
155-бап. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі жасау
4-тарау. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар
156-бап. Басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу
157-бап. Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде

шақыру
158-бап. Жаппай қырып-жою қаруын жасау немесе тарату
159-бап. Соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану
160-бап. Геноцид
161-бап. Экоцид
162-бап. Жалдамалылық
163-бап. Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау
164-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру
5-тарау. Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар
165-бап. Мемлекеттік опасыздық
166-бап. Шпионаж
166-1-бап. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қол сұғушылық
167-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қол сұғушылық
168-бап. Билікті күшпен басып алу немесе билікті күшпен ұстап тұру не Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне кіретін өкілеттіктерді шет мемлекет немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы
169-бап. Қарулы бүлік
170-бап. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру
171-бап. Диверсия
172-бап. Мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария ету, тарату
173-бап. Мемлекеттік құпиялар бар құжаттарды, заттарды жоғалту
174-бап. Жұмылдыруға шақырудан жалтару
6-тарау. Меншікке қарсы қылмыстар
175-бап. Ұрлық
176-бап. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету
177-бап. Алаяқтық
178-бап. Тонау
179-бап. Қарақшылық
180-бап. Ерекше құнды заттарды ұрлау
181-бап. Қорқытып алушылық
182-бап. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру
183-бап. Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату
183-1-бап. Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау, сатып алу, өткізу, сақтау, сондай-ақ олардың шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттарсыз мұнай өңдеу
184-бап. Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу

184-1-бап. Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу
185-бап. Автомобильді немесе өзге де көлік құралын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену

186-бап. Жерге заттай құқықтарды бұзу
187-бап. Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру
188-бап. Бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру
7-тарау. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар
189-бап. Алып тасталды
190-бап. Заңсыз кәсіпкерлік
191-бап. Заңсыз банктік қызмет
192-бап Жалған кәсіпкерлік
192-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз мәміле (мәмілелер) жасасуы
193-бап. Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру
194-бап. Кредитті заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану
195-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
196-бап. Монополистік қызмет
197-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
198-бап. Көрінеу жалған жарнама беру
199-бап. Тауар белгісін заңсыз пайдалану
200-бап. Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз алу мен жария ету
201-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
202-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзу
202-1-бап. Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі
203-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу
204-бап. Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының көрінеу жалған мәліметтер беруі
205-бап. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу қағидаларын бұзу
206-бап. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату
207-бап. Жалған төлем карточкалары мен өзге төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе сату
208-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалау тәртібі мен қағидаларын бұзу, акциздік

маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану
209-бап. Экономикалық контрабанда
210-бап. 1998 жылғы 9 шілдедегі № 277 ҚР Заңымен алып тасталды
211-бап. 1998 жылғы 9 шілдедегі № 277 ҚР Заңымен алып тасталды
212-бап. 1998 жылғы 9 шілдедегі № 277 ҚР Заңымен алып тасталды
213-бап. Ұлттық және шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау
214-бап. Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтару
215-бап. Банкроттық жағдайындағы заңсыз іс-әрекеттер
216-бап. Әдейі банкроттық
216-1-бап. Төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу
217-бап. Жалған банкроттық
218-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу
219-бап. Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер беру
220-бап. Банктің ақша қаражатын заңсыз пайдалану
221-бап. Азаматтың салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы
222-бап. Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару
222-1-бап. Салық төлеушінің салық берешегі есебіне билік ету шектелген мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекеттері
223-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
224-бап. Заңсыз сыйақы алу
225-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
226-бап. Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүр ету
226-1-бап. Рейдерлік
227-бап. Компьютерлік ақпаратқа құқыққа қайшы кіру, ЭЕМ-ге зиян келтіретін бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату
227-1-бап. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, абоненттің сәйкестендіру құрылғысын құқыққа сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды жасау, пайдалану, тарату
8-тарау. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар
228-бап. Өкілеттіктерді теріс пайдалану
229-бап. Жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы

230-бап. Жеке күзет қызметі қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалану
231-бап. Коммерциялық параға сатып алу
232-бап. Міндеттерге салғырт қарау
9-тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар
233-бап. Терроризм
233-1-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру
233-2-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу
233-3-бап. Экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру
234-бап. Адамды кепілге алу
235-бап. Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу
236-бап. Заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру
237-бап. Бандитизм
238-бап. Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау
239-бап. Әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол құрамын айдап әкету, сол сияқты қолға түсіру
240-бап. Теңіз қарақшылығы
241-бап. Жаппай тәртіпсіздіктер
242-бап. Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау
243-бап. Жаппай зақымдау қаруын, қару-жарақ пен әскери техника жасау кезінде пайдаланылатын технологиялардың, ғылыми-техникалық ақпараттың және қызметтердің заңсыз экспорты
244-бап. Атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу
245-бап. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу
245-1-бап. Сапасыз құрылыс
246-бап. Жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу
247-бап. Радиоактивті материалдармен заңсыз жұмыс істеу
248-бап. Радиоактивті материалдарды ұрлау не қорқытып алу
249-бап. Радиоактивті материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу
250-бап. Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы
251-бап. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, сату, сақтау, тасымалдау немесе бірге алып жүру
252-бап. Қаруды заңсыз жасау
253-бап. Атыс қаруын ұқыпсыз сақтау
254-бап. Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарғыш құрылғыларды күзету

жөніндегі міндеттерді тиісінше атқармау
255-бап. Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды ұрлау не қорқытып алу
256-бап. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу
257-бап. Бұзақылық
258-бап. Тағылық
10-тарау. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар
259-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту не сату
260-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу
261-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру
262-бап. Құрамында есірткі заттар бар, егуге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру
263-бап. Улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды дайындау немесе өңдеу үшін пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы
264-бап. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау немесе осы мақсаттар үшін үй-жай беру
265-бап. Есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды ұстау қағидаларын бұзу
266-бап. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецепттерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау
267-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларды бұзу
268-бап. Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасыру
269-бап. Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарлар шығару немесе сату, жұмыстарды орындау не қызметтер көрсету
269-1-бап. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру
270-бап. Жезөкшелікпен айналысуға тарту
271-бап. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық
272-бап. Дәрілік немесе басқа құралдарды пайдаланып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау
273-бап. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату
273-1-бап. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды жасау және айналымға шығару не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту
274-бап. Қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз тарату
275-бап. Өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау

275-1-бап. Адам мәйітінің органдары мен тінін заңсыз алу
276-бап. Жануарларға қатыгездік жасау
11-тарау. Экологиялық қылмыстар
277-бап. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу

278-бап. Экологиялық тұрғыдан ықтимал қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу
279-бап. Микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік қағидаларының бұзылуы
280-бап. Ветеринариялық қағидаларды және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидалардың бұзылуы
281-бап. Суларды ластау, бітеу және сарқу
282-бап. Атмосфераны ластау
283-бап. Теңіз аясын ластау
284-бап. Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңы туралы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзу
285-бап. Жерді бүлдіру
286-бап. Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу
287-бап. Балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу
288-бап. Заңсыз аңшылық
289-бап. Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу
290-бап. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер
291-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу
292-бап. Ормандарды жою немесе зақымдау
293-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу
294-бап. Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау
12-тарау. Көліктегі қылмыстар
295-бап. Темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің қағидаларын бұзу
296-бап. Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы
297-бап. Жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу
298-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару, мас күйіндегі адамды көлік құралын жүргізуге жіберу
299-бап. Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру

300-бап. Көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу
301-бап. Поезды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату

302-бап. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу
303-бап. Магистральдық құбыржолдарды салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу
304-бап. Құбыржолдарды қасақана зақымдау немесе қирату
304-1-бап. Құбыржолдарды абайсызда зақымдау немесе қирату
305-бап. Кеме капитанының апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеуі
306-бап. Халықаралық ұшу қағидаларын бұзу
13-тарау. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар
307-бап. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану
308-бап. Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану
309-бап. Лауазымды адамның өкілеттігін иемдену
310-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
310-1-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау
311-бап. Пара алу
312-бап. Пара беру
313-бап. Парақорлыққа делдал болу
314-бап. Қызметтік жалғандық жасау
315-бап. Қызметтегі әрекетсіздік
316-бап. Салақтық
14-тарау. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар
317-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын немесе Мемлекеттік Гимнін қорлау
317-1-бап. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгедей қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау
317-2-бап. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына ешкімнің тиіспеушілігі кепілдіктерін бұзу
318-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау
319-бап. Депутаттың абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау
319-1-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне кедергі жасау
320-бап. Билік өкілін қорлау
321-бап. Билік өкіліне қатысты күш қолдану
321-1-бап. Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау

322-бап. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету
323-бап. Ресми құжаттарды және мемлекеттік наградаларды сатып алу немесе сату
324-бап. Құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді ұрлау немесе бүлдіру
325-бап. Жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе сату
326-бап. Әскери қызметтен жалтару
327-бап. Озбырлық
328-бап. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын билік өкілінің немесе лауазымды адамның атағын өз бетімен иелену
329-бап. Мемлекеттік Туды заңсыз көтеру
330-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан қасақана заңсыз өту
330-1-бап. Елден шығарып жіберу туралы шешімді орындамау
330-2-бап. Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру
330-3-бап. Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану қағидаларын бірнеше рет бұзу
331-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қарсы өзгерту
332-бап. Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест эмблемалары мен белгілерін заңсыз пайдалану
333-бап. Байланыс желілерін, сондай-ақ мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзету қағидаларын бұзу және орындамау
334-бап. Жиналыстарды, митингтерді, тосқауылдарды, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу
335-бап. Төтенше жағдайлар кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық ету, кәсіпорынның, ұйымның жұмысына кедергі жасау
336-бап. Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы
337-бап. Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру немесе олардың қызметіне қатысу
337-1-бап. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы сот шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру
338-бап. Шет мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарына жәрдем көрсету
15-тарау. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар
339-бап. Сот төрелігін жүзеге асыруға және алдын ала тергеу жүргізуге кедергі жасау
340-бап. Сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу
341-бап. Сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты

қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері
342-бап. Сотты құрметтемеу
343-бап. Судьяға, алқабиге, прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүргізетін адамға, сарапшыға, сот приставына, сот орындаушысына қатысты жала жабу
344-бап. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту
345-бап. Қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату
346-бап. Көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау
347-бап. Жауап беруге мәжбүр ету
347-1-бап. 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV ҚР Заңымен алып тасталды ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
348-бап. Айғақтарды және жедел-іздестіру материалдарын бұрмалау
349-бап. Коммерциялық параға сатып алуға не сыбайлас жемқорлық қылмысқа арандату
350-бап. Көрінеу әділетсіз үкім, шешім немесе өзгедей сот актісін шығару
351-бап. Көрінеу жалған сөз жеткізу
352-бап. Сарапшының көрінеу жалған жауабы, қорытындысы немесе қате аудару
353-бап. Куәнің немесе жәбірленушінің жауап беруден бас тартуы
354-бап. Жалған жауап беруді немесе жауап беруден жалтаруды, жалған қорытынды беруді не қате аударуды параға сатып алу не оған мәжбүр ету
355-бап. Анықтаудың немесе алдын ала тергеудің деректерін жария ету
356-бап. Мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету
357-бап. Хатталған немесе иелік етуге тыйым салынған не тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекеттер
358-бап. Бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу
359-бап. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару
360-бап. Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау
361-бап. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу
362-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау
363-бап. Қылмысты жасырушылық
363-1-бап. Қылмысты жасыру
364-бап. Қылмыс туралы хабарламау
365-бап. Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі адвокаттар мен өзге де адамдардың заңды қызметіне кедергі жасау
16-тарау. Әскери қылмыстар
366-бап. Әскери қылмыс ұғымы

367-бап. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау
368-бап. Бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету
369-бап. Бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері
370-бап. Әскери қызметшілердің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде олардың бір-бірінің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу
371-бап. Әскери қызметшіге тіл тигізу
372-бап. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету
373-бап. Қашқындық
374-бап. Дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару
375-бап. Жауынгерлік кезекшілікті атқару қағидаларын бұзу
376-бап. Шекаралық қызмет атқару қағидаларын бұзу
377-бап. Қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық қағидаларын бұзу
378-бап. Ішкі қызмет атқарудың және гарнизонда патруль болудың жарғылық қағидаларын бұзу
379-бап. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқарудың қағидаларын бұзу
380-бап. Билікті теріс пайдалану
380-1-бап. Билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану
380-2-бап. Биліктің әрекетсіздігі
381-бап. Қызметке салақтық
382-бап. Батып бара жатқан әскери кемені тастап кету
383-бап. Қарсыласқа соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету
384-бап. Өз еркімен тұтқынға берілу
385-бап. Тонаушылық
386-бап. Әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалту
387-бап. Әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру
388-бап. Әскери мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру
389-бап. Әскери мүлікті жоғалту
390-бап. Айналадағылар үшін қауіп туғызатын қару-жарақты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау қағидаларын бұзу
391-бап. Машиналарды жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу
392-бап. Ұшу немесе оған даярлану қағидаларын бұзу
393-бап. Кеме жүргізу қағидаларын бұзу»;

3) 32-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Нәтижесінде қол сұғушыға тым шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян

келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Адам өміріне қол сұғатын не:

қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін қаруды не өзге де заттарды немесе құралдарды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен;

қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті зорлық-зомбылықпен не мұндай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен;

тұрғын үйге немесе өзге де үй-жайға заңсыз басып кірумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.»;

4) 40-бапта:

бірінші бөліктегі «не сотталған адамның жалақысының немесе ол қылмыс жасаған сәтіне белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі «немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

5) 42-бапта:

бірінші бөліктегі «түрлерін жергілікті атқарушы органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейді» деген сөздер «түрлері жергілікті атқарушы органдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілерімен белгіленеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «елу бес жастан асқан әйелдер мен алпыс жастан асқан еркектерге» деген сөздер «елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 45-баптың үшінші бөлігіндегі «ауыр және» деген сөздер «ауыр немесе» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 48-баптың бесінші бөлігінде:

а) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«а) абайсызда жасаған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға - колония-қоныстарға;»;

б) тармағы «жасағаны үшін» деген сөздерден кейін «бір жылдан астам мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 50-бапта:

бірінші бөліктегі «Ауыр немесе аса ауыр» деген сөздер «Қасақана» деген сөзбен

ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «ауыр немесе аса ауыр қылмысы» деген сөздер «қасақана қылмыс жасағаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 51-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы «бір бөлігін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 53-бапта:

мынадай мазмұндағы 5-1-бөлікпен толықтырылсын:

«5-1. Егер осы Кодекстің 7-тарауында көзделген, сол бойынша адам кінәлі деп танылған баптың санкциясында жазаның әрқилы (балама) түрлері көзделсе, азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке қылмыспен келтірілген мүліктік залал толық көлемде өз еркімен өтелген кезде бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Осы бөліктің ережелері осы Кодекстің 192-бабы екінші бөлігінің в) тармағында, 193-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 226-бабында, 226-1-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасаған адамдарға қолданылмайды.»;

алтыншы бөліктегі «көзделген» деген сөз «қолданылған» деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 64-бапта:

екінші бөлік «бұзушылық жасаса» деген сөздерден кейін «не тіркеу үшін дәлелді себепсіз келмесе немесе қылмыстық-атқару инспекциясына хабарламастан тұрғылықты жерін ауыстырса» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік «қайталап жасаған,» деген сөздерден кейін «тіркеу үшін тағы да дәлелді себепсіз келмеген, қылмыстық-атқару инспекциясына хабарламастан тұрғылықты жерін ауыстырған» деген сөздермен толықтырылсын;

12) 66-бап «сасқалақтау салдарынан» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ тұтқиылдан шабуылдау салдарынан» деген сөздермен толықтырылсын;

13) 67-баптың бірінші және екінші бөліктері «жәбірленушімен» және «жәбірленушіге» деген сөздерден кейін тиісінше «, арыз берушімен» және «, арыз берушіге» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 69-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласында, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайды.»;

15) 70-баптың екінші бөлігіндегі «Жазасын өтеуден» деген сөздер «Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 72-баптың бірінші бөлігінің екінші сөйлеміндегі «бала он төрт жасқа толғанға дейін» деген сөздер «бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан асырмай» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 75-баптың төртінші бөлігінің үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, террористік қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне, экономикалық қызмет саласында, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайды.»;

18) 77-баптың үшінші бөлігінің е) тармағы «сотталған» деген сөздің алдынан «бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен толықтырылсын;

19) 79-баптың екінші бөлігіндегі «немесе кәмелетке толмаған адамның жалақысының немесе өзге табысының екі аптадан алты айға дейінгі кезеңдегі мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

20) 84-бап «бас бостандығынан айыруға» деген сөздерден кейін «, бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен толықтырылсын;

21) 88-бапта:

үшінші бөліктегі «денсаулық сақтау туралы заңдарымен» деген сөздер «денсаулық сақтау саласындағы заңнамасымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдарында көзделген тәртіппен психиатриялық-неврологиялық мекемелерге» деген сөздер «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен психиатриялық-неврологиялық ұйымдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 93-баптың төртінші бөлігіндегі «психиатриялық-неврологиялық мекемеге жіберу туралы мәселені денсаулық сақтау туралы заңдарда» деген сөздер « психиатриялық-неврологиялық ұйымға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 95-бапта:

бірінші бөлікте:

«в) және г) тармақтарында көзделген жағдайларда» деген сөздер «в) тармағында көзделген жағдайда» деген сөздермен ауыстырылсын;

«денсаулық сақтау органдарының емханалық психиатриялық көмек көрсететін мекемелерінде» деген сөздер «амбулаториялық-психиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Осы Кодекстің 88-бабының бірінші бөлігінің г) тармағында көзделген жағдайда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары – бас бостандығынан айыру

орнында, ал өзге жазалау түрлеріне сотталғандарға қатысты денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.»;

екінші бөліктегі «денсаулық сақтау туралы» деген сөздер «денсаулық сақтау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «денсаулық сақтау туралы» деген сөздер «денсаулық сақтау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 103-баптың екінші бөлігінің д) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«д) алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса;»;

25) 111-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

26) 114-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

27) 116-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы «сегіз жылға» деген сөздердің алдынан «төрт жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

28) 117-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацындағы «дәл сол» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жыл» деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы «Тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі бар адамның, сол сияқты мұндай білімі жоқ адамның заңсыз аборт жасауы, егер бұл әрекет абайсызда жәбірленушінің өлуіне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса» деген сөздер «Абайсызда жәбірленушінің өлуіне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан заңсыз аборт жасау» деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 118-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

30) 129-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

31) 130-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

32) 134-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

33) 135-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

34) 136-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып тасталсын;

35) 137-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

36) 138-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

37) 139-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

38) 140-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

39) 141-1-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

40) 142-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «немесе тарату, егер осы әрекеттер жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

бұл түзетудің мемлекеттік тілдегі мәтінге қатысы жоқ;

«немесе сотталған адамның төрт айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзацта:

«жасаған нақ сол әрекеттер» деген сөздер «жасаған дәл сол әрекет» деген сөздермен ауыстырылсын;

«, сол сияқты нақ сондай зардаптарға әкеп соққан» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацтағы «немесе сотталған адамның жеті айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

41) 143-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

42) 145-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

43) 146-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

44) 147-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

45) 148-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

46) 150-1-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

47) 151-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

48) 153-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

49) 155-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

50) 157-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан тоғыз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

51) 159-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы «он екі жылға дейінгі» деген сөздердің алдынан «алты жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

52) 164-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

53) 168-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

54) 170-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

55) 172-бапта:

тақырыбы «жария ету» деген сөзderден кейін «, тарату» деген сөзбен толықтырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

«, сол сияқты» деген сөздер «не» деген сөзбен ауыстырылсын;

«мәліметтер жинау» деген сөздерден кейін «, сол сияқты мемлекеттік құпияларды құрайтын, заңсыз алынған мәліметтерді тарату» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы «жұмыс бабымен» деген сөздерден кейін «не қылмыстық, азаматтық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге байланысты, сол сияқты жедел-іздестіру шараларын дайындау немесе жүргізу барысында» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзацта:

«жұмыс бабымен» деген сөздерден кейін «не қылмыстық, азаматтық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге байланысты, сол сияқты жедел-іздестіру шараларын дайындау немесе жүргізу барысында» деген сөздермен толықтырылсын;

«ауыр» деген сөздің алдынан «ірі залал келтіруге немесе өзге де» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы «сегіз» деген сөздің алдынан «үш жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту. Осы Кодекстің 172, 173 және 386-баптарында ірі залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін сомада келтірілген залал танылады.»;

56) 173-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац «ауыр» деген сөздің алдынан «ірі залал келтіруге немесе өзге» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзац «ауыр» деген сөздің алдынан «ірі залал келтіруге немесе өзге» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

57) 175-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің в) тармағы «қоймаға» деген сөзден кейін «не көлік құралының салонына» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

а) тармағы алып тасталсын;

екінші абзацтағы «он» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Мынадай:

а) ұйымдасқан топ жасаған;

б) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық, -

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

Ескерту мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы тараудың баптарында аса ірі мөлшер немесе залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асып түсетін мүліктің құны немесе залалдың мөлшері танылады.»;

58) 176-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір

жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
үшінші бөліктің а) тармағы алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:
«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:
а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;
б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -
мүлкі тәркіленіп және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;
59) 177-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
үшінші бөлікте:
а) тармағы алып тасталсын;
екінші абзацтағы «бес жылдан он жылға» деген сөздер «үш жылдан жеті жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:
«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:
а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;
б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -
мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;
60) 178-бапта:
үшінші бөлікте:
а) тармағы алып тасталсын;
екінші абзацтағы «алты жылдан он екі» деген сөздер «бес жылдан он» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:
«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:
а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;
б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

61) 179-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацындағы «он екі» деген сөздер «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

а) тармағы алып тасталсын;

екінші абзацтағы «сегіз жылдан он бес» деген сөздер «жеті жылдан он екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

62) 181-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлікте:

а) тармағы алып тасталсын;

екінші абзацтағы «жеті жылдан он бес» деген сөздер «бес жылдан он» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер:

а) оларды ұйымдасқан топ жасаса;

б) олар аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

63) 183-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

64) 184-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

65) 184-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

66) 185-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

67) 189-бап алып тасталсын;

68) 190-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексеннен екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға , не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып не онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір мыңнан бір жарым мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

ескертулер мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескертулер.

1. Осы Кодекстің 190 және 191-баптарында сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс – ірі мөлшердегі табыс деп, сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс аса ірі мөлшердегі табыс деп танылады.

2. Осы Кодекстің 190-бабында құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны едәуір мөлшердегі тауарлар деп танылады.

3. Осы тараудың 190, 191, 192-1, 215, 216, 217, 219 және 220-баптарында ірі мөлшердегі залал деп қылмыс жасау сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада азаматқа келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада ұйымға

немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.

4. Осы тараудың 194, 198, 199, 200, 202-1, 203, 204, 205 және 218-баптарында ірі мөлшердегі залал деп қылмыс жасау сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомада азаматқа келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.»;

69) 191-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сегіз жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

70) 192-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «алты жүз елу» деген сөздер «алты жүз елуден екі мыңға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«екі мыңнан бес мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«үш мыңнан алты мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

ескертулер мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескертулер.

1. Осы Кодекстің осы бабында және 192-1-бабында құқыққа қайшы мақсаттарды көздейтін мәмілелерге кредиттерді заңсыз алуға, салық төлеуден жалтаруға, тыйым салынған қызметті жасыруға, заңсыз табыс табуға және (немесе) өзге де мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер, сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға жәрдемдесу жатады.

2. Осы бапта ірі мөлшердегі залал деп азаматқа айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомада келтірілген залал танылады.»;

71) 192-1-баптың екінші абзацындағы «бес жүз» деген сөздер «бес жүзден екі мыңға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

72) 193-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «жеті жүзге» деген сөздер «бір мыңға» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеті жүзден бір мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан

айыруға жазаланады.»;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге, ал а) тармағында көзделген жағдайларда мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

ескертуде:

«Ескерту» деген сөз «Ескертулер» деген сөзбен ауыстырылсын;

бұл түзетудің мемлекеттік тілдегі мәтінге қатысы жоқ;

«он» деген сөз «жиырма» деген сөзбен ауыстырылсын;

73) 194-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер «айыппұл салуға,» деген сөздермен ауыстырылсын;

74) 196-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

75) 198-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

76) 199-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

77) 200-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

78) 202-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

79) 202-1-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

80) 203-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

81) 204-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының не өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

82) 205-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

83) 207-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

84) 208-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталушының бестен жеті айға дейінгі кезеңі ішіндегі жалақысы немесе өзге де кірісі мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталушының бес айдан он айға дейінгі кезеңі ішіндегі жалақысы немесе өзге де кірісі мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

85) 209-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның мүлкі тәркіленіп не онсыз,» деген сөздер «мүлкі тәркіленіп не онсыз, бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де

табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік г) тармағындағы «мөлшерде жасалса, -» деген сөздер «мөлшерде;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы д) тармағымен толықтырылсын:

«д) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалса, -»;

үшінші бөліктің төртінші абзацындағы «үш жылға дейінгі мерзімге» деген сөздер « мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге» деген сөздермен ауыстырылсын;

86) 213-бапқа ескертудегі «он» деген сөз «он бес» деген сөздермен ауыстырылсын;

87) 214-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

88) 215-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір мыңнан бір жарым мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

89) 216-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

90) 216-1-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

91) 217-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сегіз жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

92) 218-баптың екінші абзацында:
«немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
93) 219-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«жеті жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;
94) 220-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;
екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;
95) 221-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«екі жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;
екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«бес жүзден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл сала отырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;
Ескертудегі «бес жүз» деген сөздер «екі мың» деген сөздермен ауыстырылсын;

96) 222-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

ескертуде:

«екі» деген сөз «жиырма» деген сөзбен ауыстырылсын;

«бес» деген сөз «елу» деген сөзбен ауыстырылсын;

97) 224-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

98) 226-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

99) 227-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

100) 227-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға

дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

101) 228-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

102) 229-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

103) 231-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац «пайдалануы үшін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның сегіз айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзац «пайдалануы үшін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

бірінші абзац в) тармағындағы «байланысты жасалған болса -» деген сөздер «байланысты;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

«г) ірі мөлшерде жасалған болса, -»;

екінші абзацта:

«немесе сотталған адамның бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«айналысу құқығынан айыра отырып,» деген сөздерден кейін «мүлкі тәркіленіп немесе онсыз,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалған болса, -

үш мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып , мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

Ескерту мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Осы бапта заңсыз алынған ірі мөлшердегі ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік деп бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны танылады.

4. Осы бапта заңсыз алынған аса ірі мөлшердегі ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік деп екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны танылады.»;

104) 233-3-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы «бес жылға дейінгі» деген сөздердің алдынан «мүлкі тәркіленіп,» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы «үш жылдан» деген сөздердің алдынан «мүлкі тәркіленіп,» деген сөздермен толықтырылсын;

105) 242-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

106) 243-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

107) 244-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

108) 245-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

109) 245-1-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

110) 246-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

111) 247-баптың екінші және үшінші бөліктерінің екінші абзацы «екі жылдан», «үш жылдан» деген сөздердің алдынан «мүлкі тәркіленіп немесе онсыз» деген сөздермен толықтырылсын;

112) 248-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

113) 249-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

114) 251-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

115) 252-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

116) 256-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту. Осы бапта ірі көлемдегі залал деп қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін сомада жеке адамға келтірілген залал не айлық есептік көрсеткіштен бір мың есеге асып түсетін сомада ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.»;

117) 257-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

118) 258-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

119) 259-баптың 1-1-бөлігінің екінші абзацындағы «мүлкі тәркіленіп,» деген сөздер алып тасталсын;

120) 262-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

121) 265-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

122) 266-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

123) 267-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

124) 268-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

125) 269-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздер «айыппұл салуға,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

126) мынадай мазмұндағы 269-1-баппен толықтырылсын:

«269-1-бап. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру

1. Ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті ұйымдастыру, сол сияқты ойын мекемесін көрінеу заңсыз ашу не ойын бизнесін ұйымдастыру үшін үй-жайлар беру –

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық

жұмыстарға тартуға не елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз мүлкі тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) кәмелетке толмаған адамды пайдаланып немесе оның құмар ойындарына қатысуымен;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

в) ірі мөлшерде табыс алумен жасалған болса;

г) оларды өзінің қызмет жағдайын пайдаланған адам жасаған болса, -

бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз мүлкі тәркіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) ұйымдасқан топ;

б) аса ірі мөлшерде табыс алумен;

в) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам өзі немесе сенімді адамы арқылы заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан жасаған болса, егер бұл әрекеттер мұндай қызметте жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен немесе өзге нысандағы қамқоршылығымен байланысты болса, –

үш мыңнан он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз мүлкі тәркіленіп, төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Осы бапта ірі мөлшердегі табыс деп бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы табыс, ал аса ірі мөлшердегі табыс деп бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы табыс танылады.»;

127) 270-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

128) 271-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

129) 272-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

130) 273-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

131) 274-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

132) 275-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

133) 276-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

134) 278-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

135) 279-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

136) 280-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

137) 281-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

138) 282-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

139) 283-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып

тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

140) 284-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

141) 285-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

142) 286-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

143) 287-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«тәркіленіп не онсыз» деген сөздер «тәркіленіп,» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«тәркіленіп немесе онсыз» деген сөздер «тәркіленіп,» деген сөзбен ауыстырылсын;

144) 288-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

145) 289-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

146) 291-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға

дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

147) 292-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

148) 293-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

149) 295-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

150) 298-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

151) 299-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

152) 300-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

153) 302-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«302-бап. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу

1. Жол, құрылыс және басқа да ұйымдарда басқару функцияларын атқаратын және жолдар мен жол құрылыстарын, олардың жабдықтарын пайдалануға, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастыруға жауапты адамдардың, денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірген, осындай әрекетті жасағаны үшін оған бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адамның көлікте қолданылатын тәртіпті сақтау және қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын бұзуы, -

жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Адамның өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу

құқығынан айырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

154) 305-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

155) 306-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

156) 307-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы «айыра отырып,» деген сөздерден кейін «төрт жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

Ескертулердің бесінші тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы Кодекстің 176-бабы үшінші бөлігінің г) тармағында, 177-бабы үшінші бөлігінің г) тармағында, 192-бабы екінші бөлігінің в) тармағында, 193-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 209-бабы үшінші бөлігінің а) тармағында, 226-1-бабы үшінші бөлігінің б) тармағында, 307-бабында, 308-бабы төртінші бөлігінің в) тармағында, 310 – 315-баптарында, 380-бабында, 380-1-бабы екінші бөлігінің в) тармағында, 380-2-бабында көзделген қылмыстар сыбайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады.»;

157) 308-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«онсыз» деген сөзден кейін «төрт жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы «айырып,» деген сөзден кейін «бес жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

158) 309-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

159) 310-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, сотталған адамның екі айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «, сотталған адамның төрт айдан алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

160) мынадай мазмұндағы 310-1-баппен толықтырылсын:

«310-1-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау

1. Дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарай шектеу, сол сияқты дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу не қызметіне өзгедей заңсыз араласу, егер бұл әрекеттерді мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне ірі залал келтіруге әкеп соқса, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттерді:

а) лауазымды адам;

б) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы;

в) ұйымдасқан топ жасаса, -

бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз сағаттан жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам;

б) аса ірі мөлшерде;

в) ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) мүддесінде жасаса, -

екі мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз елу сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не мүлкі тәркіленіп, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы бапта азаматқа айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асатын сомада келтірілген залал, не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада келтірілген залал ірі залал деп танылады.

2. Қылмыс жасалу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен мың есе асатын сомада азаматқа келтірілген залал, не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал аса ірі залал деп танылады.»;

161) 311-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

бесінші бөліктің бірінші абзацындағы «үшінші және төртінші» деген сөздер « үшінші немесе төртінші» деген сөздермен ауыстырылсын;

162) 312-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

163) 313-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
164) 314-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның сегіз айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
165) 315-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның төрт айдан алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның сегіз айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
төртінші бөліктің екінші абзацы «айырып,» деген сөзден кейін «төрт жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;
166) 316-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
167) 317-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
168) 317-1-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

169) 318-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

170) 319-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

171) мынадай мазмұндағы 319-1-баппен толықтырылсын:

«319-1-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне кедергі жасау

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасау мақсатында қандай да болмасын нысанда араласу, -

екі жүзден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған нақ сол әрекет, -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

172) 320-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

173) 321-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

174) 321-1-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан алты айға дейінгі кезең ішіндегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

175) 322-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде » деген сөздер алып тасталсын;

176) 323-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

177) 324-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

178) 325-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

179) 326-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

180) 327-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

181) 329-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

182) 330-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

183) 330-2-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «не сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

184) 330-3-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «не сотталған адамның бес айдан жеті айға

дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «не сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

185) 332-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

186) 333-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

187) 334-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

188) 335-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

189) 336-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табыстарының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

190) 337-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

191) 337-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

192) 339-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

193) 341-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

194) 342-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

195) 343-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

196) 348-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-2-бөлікпен толықтырылсын:

«1-2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға уәкілетті лауазымды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдерді бұрмалауы, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «Қылмыстық іс бойынша» деген сөздер «Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында» деген сөздермен ауыстырылсын;

197) 349-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

198) 350-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

199) 351-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

200) 352-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

Ескерту алып тасталсын;

201) 353-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

202) 354-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

203) 355-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

204) 356-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде » деген сөздер алып тасталсын;

205) 357-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

206) 360-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «бір жылдан екі жылға дейінгі» деген сөздер « екі жылдан бес жылға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылдан бес жылға дейінгі» деген сөздер « төрт жылдан жеті жылға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылдан жеті жылға дейінгі» деген сөздер «бес жылдан он жылға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

207) 362-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

208) 363-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

209) мынадай мазмұндағы 363-1-баппен толықтырылсын:

«363-1-бап. Қылмысты жасыру

1. Қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасының анық дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы өтініш немесе хабарлама берген адамға қатысты алдау, азғыру, қорқыту немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттер арқылы не аталған адамның өтінішін кез келген өзге тәсілмен жою немесе жасыру арқылы кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты тіркеуден қасақана жасыруы -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Дәл сол:

а) ауыр қылмысты жасыруға әкеп соққан;

б) адамдар тобы жасаған әрекеттер, -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол:

а) аса ауыр қылмысты жасыруға не ауыр зардаптарға әкеп соққан;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған әрекеттер, -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды тұлға немесе қылмыстық қудалау органының бастығы жасаған не осы адамдардың нұсқауымен жасалған бірінші не екінші немесе үшінші бөліктерде көзделген әрекеттер, -

бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

210) 364-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

211) 365-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

212) 370-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы «он жылға» деген сөздердің алдынан «бес жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

213) 372-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

214) 373-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «жеті» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

215) 374-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «бес» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

216) 375-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «бес» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

217) 380-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«380-бап. Билікті теріс пайдалану

1. Бастықтың немесе лауазымды адамның билікті немесе қызмет бабын өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға немесе төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, жауынгерлік жағдайда жасалған әрекеттер, -

жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесіледі немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

218) мынадай мазмұндағы 380-1 және 380-2-баптармен толықтырылсын:

«380-1-бап. Билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану

1. Билікті не қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктері шегінен сөзсіз асып кететін, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан әрекеттер жасауы, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға немесе екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соқтырған не:

а) күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып;

б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолданып;

в) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған нақ сол әрекет, -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер, -

жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесілген немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

380-2-бап. Биліктің әрекетсіздігі

1. Биліктің әрекетсіздігі, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет, -

төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, жауынгерлік жағдайда жасалған әрекеттер, -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

219) 383-баптың екінші абзацындағы «бес» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

220) 384-баптың екінші абзацы «он жылға» деген сөздердің алдынан «бес жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

221) 385-баптың екінші абзацындағы «үш» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

222) 386-баптың үшінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы «ауыр зардаптарға» деген сөздер «ірі зиян келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптардың болуына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «үш» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

223) 390-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы «он жылға» деген сөздердің алдынан «бес жылдан» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар):

1) мынадай мазмұндағы мазмұнмен толықтырылсын:

«Мазмұны

Жалпы бөлім

1-бөлім. Негізгі ережелер

1-тарау. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасы

1-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін айқындайтын заңнама

2-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізуде басым күші бар құқықтық нормаларды қолдану

3-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының кеңістікте қолданылуы

4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу құқығының қолданылуы

5-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының уақыт тұрғысында қолданылуы

6-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылуы

7-бап. Осы Кодекстегі кейбір ұғымдардың түсініктемесі

2-тарау. Қылмыстық процестің міндеттері мен принциптері

8-бап. Қылмыстық процестің міндеттері

9-бап. Қылмыстық процесс принциптерінің мәні

10-бап. Заңдылық

11-бап. Сот әділдігін соттың ғана жүзеге асыруы

12-бап. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау

13-бап. Жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу

14-бап. Адамның жеке басына тиіспеушілік

15-бап. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

16-бап. Жеке өмірге қол сұқпаушылық. Хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясы
17-бап. Тұрғын үйге қол сұқпаушылық
18-бап. Меншікке қол сұқпаушылық
19-бап. Кінәсіздік презумпциясы
20-бап. Қайта соттауға және қылмыстық қудалауға жол берілмеуі
21-бап. Сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік негіздерінде жүзеге асыру
22-бап. Судьялардың тәуелсіздігі
23-бап. Сот ісін жүргізуді тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру
24-бап. Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу
25-бап. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау
26-бап. Күдіктінің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету
27-бап. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату
28-бап. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету
29-бап. Жариялылық
30-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі
31-бап. Іс жүргізу әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы
3-тарау. Қылмыстық қудалау
32-бап. Жеке, жеке-жариялы және жариялы қудалау мен айыптау істері
33-бап. Қылмыстық қудалау жеке түрде жүзеге асырылуы мүмкін қылмыстар
34-бап. Қылмыстық қудалауды жеке-жариялы түрде жүзеге асыру
35-бап. Коммерциялық немесе өзге де ұйымның арызы бойынша қылмыстық жауапқа тарту
36-бап. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттары
37-бап. Іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар
38-бап. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар
4-тарау. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекетімен келтірілген зиянды өтеу
39-бап. Айыпталушы (күдікті) ретінде тартылған адамды кінәсіздігін тану жолымен ақтау
40-бап. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекетінің салдарынан келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар адамдар
41-бап. Өтелуге жататын зиян
42-бап. Зиянның өтелу құқығын тану
43-бап. Мүліктік зиянды өтеу
44-бап. Моральдық зиянның зардаптарын жою
45-бап. Талап қою мерзімдері
46-бап. Заңды тұлғаларға зиянның өтелуі

47-бап. Құқықтарды талап қою тәртібімен қалпына келтіру
5-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу
48-бап. Қылмыстық істерді біріктіру
49-бап. Қылмыстық істі бөлектеу
50-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру
51-бап. Қылмыстық істі тоқтату
51-1-бап. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату тәртібі
52-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау
53-бап. Құпиялылықты сақтау
6-тарау. Іс жүргізу мерзімдері
54-бап. Мерзімдерді есептеу
55-бап. Мерзімді сақтау
56-бап. Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі
2-бөлім. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар
7-тарау. Сот
57-бап. Сот
58-бап. Соттың құрамы
59-бап. Соттың өкілеттігі
60-бап. Судья
61-бап. Іс бойынша төрағалық етуші
8-тарау. Қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар
62-бап. Прокурор
63-бап. Тергеу бөлімінің бастығы
64-бап. Тергеуші
65-бап. Анықтау органы
66-бап. Анықтау органының бастығы
67-бап. Анықтаушы
9-тарау. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар
68-бап. Күдікті
69-бап. Айыпталушы
70-бап. Қорғаушы
71-бап. Қорғаушының міндетті қатысуы
72-бап. Қорғаушыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу
73-бап. Қорғаушыдан бас тарту
74-бап. Қорғаушының өкілеттігі
75-бап. Жәбірленуші

76-бап. Жеке айыптаушы
77-бап. Азаматтық талапкер
78-бап. Азаматтық жауапкер
79-бап. Кәмелетке толмаған айыпталушының, күдіктінің заңды өкілдері
80-бап. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының өкілдері
81-бап. Азаматтық жауапкердің өкілдері
10-тарау. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар
82-бап. Куә
83-бап. Сарапшы
84-бап. Маман
85-бап. Аудармашы
86-бап. Куәгер
87-бап. Сот отырысының хатшысы
88-бап. Сот приставы
88-1-бап. Медиатор
11-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудың мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жайлар. Қарсылық білдіру
89-бап. Қарсылық білдіру және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету туралы өтініш. Қылмыстық процеске қатысудан босату
90-бап. Судьяға қарсылық білдіру
91-бап. Прокурорға қарсылық білдіру
92-бап. Тергеуші мен анықтаушыға қарсылық білдіру
93-бап. Куәгерге қарсылық білдіру
94-бап. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру
95-бап. Аудармашы мен маманға қарсылық білдіру
96-бап. Сарапшыға қарсылық білдіру
97-бап. Қорғаушыны, жәбірленушінің (жеке айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету
12-тарау. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
98-бап. Судьялардың, алқабилердің, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтаушылардың, қорғаушылардың, сарапшылардың, мамандардың, сот отырысы хатшыларының, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету
99-бап. Күдіктінің, жәбірленушілердің, куәлардың, айыпталушылардың және қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдардың қауіпсіздік шараларын қолдану міндеті
100-бап. Жәбірленушілердің, куәлардың, күдіктілердің, айыпталушылардың және қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдардың қауіпсіздік шаралары
101-бап. Сот талқылауына қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

13-тарау. Өтініш жасау, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану
102-бап. Қылмыстық процеске қатысушылардың өтініштерін қараудың міндеттілігі
103-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымдану
104-бап. Ұсталған немесе қамауға алынған адамдардың шағым жолдау тәртібі
105-бап. Шағымдарды берудің мерзімдері
106-бап. Шағым берілуіне байланысты шешімнің орындалуын тоқтата тұру
107-бап. Шағымдарды қараудың жалпы тәртібі
108-бап. Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне шағымды қарау тәртібі
109-бап. Прокурордың, тергеу және анықтау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды сотта қарау тәртібі
110-бап. Айыпталушыны, күдіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысына шағымдану, наразылық білдіру
111-бап. Прокурордың күдіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға берген санкциясына сотқа шағымдану
112-бап. Соттың үкіміне, қаулысына шағым жасау, наразылық білдіру
14-тарау. Қылмыстық процеске қатысатын адамдар туралы қорытынды ережелер
113-бап. Процеске қатысушы деп тануды талап ету құқығы
114-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету міндеті
3-бөлім. Дәлелдемелер және дәлелдеу
15-тарау. Дәлелдемелер
115-бап. Дәлелдемелер ұғымы
116-бап. Дәлелдемелер ретінде рұқсат етілмейтін іс жүзіндегі деректер
117-бап. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар
118-бап. Дәлелсіз анықталатын мән-жайлар
119-бап. Күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтары
120-бап. Сарапшының қорытындысы
121-бап. Заттай дәлелдемелер
122-бап. Іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары
123-бап. Құжаттар
16-тарау. Дәлелдеу
124-бап. Дәлелдеу

125-бап. Дәлелдемелер жинау
126-бап. Дәлелдемелерді бекіту
127-бап. Дәлелдемелерді зерттеу
128-бап. Дәлелдемелерді бағалау
129-бап. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар
130-бап. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемеде жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдалану
131-бап. Преюдиция
4-бөлім. Іс жүргізудің мәжбүрлеу шаралары
17-тарау. Күдіктіні ұстау
132-бап. Ұстаудың негіздері
133-бап. Азаматтардың қылмыс жасаған адамдарды ұстауға құқығы
134-бап. Қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды ұстау тәртібі
135-бап. Ұсталған адамды жеке тінту
136-бап. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамды босатудың негіздері
137-бап. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды қамауда ұстау тәртібі
138-бап. Күдіктінің туыстарына оның ұсталғандығы туралы хабарлау
18-тарау. Бұлтартпау шаралары
139-бап. Бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздер
140-бап. Бұлтартпау шаралары және қосымша шектеулер
141-бап. Бұлтартпау шараларын таңдау және қосымша шектеулер белгілеу кезінде ескерілетін мән-жайлар
142-бап. Күдіктіге қатысты бұлтартпау шараларын қолдану
143-бап. Бұлтартпау шараларын қолдану тәртібі
144-бап. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат
145-бап. Жеке кепілдік
146-бап. Әскери бөлім басшылығының әскери қызметшілерді байқауы
147-бап. Кәмелетке толмағанды қарауына беру
148-бап. Кепіл
149-бап. Үйде қамап ұстау
150-бап. Қамауға алу
151-бап. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау
152-бап. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталушыларды ұсталғандар ұсталатын орындарда ұстау
153-бап. Қамауға алудың мерзімдері, оларды ұзарту тәртібі
154-бап. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту
155-бап. Қорғаншылыққа құқық және мүлікті қарау
19-тарау. Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шаралары

156-бап. Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану үшін негіздемелер
157-бап. Анықтаушыға, тергеушіге, сотқа келу туралы міндеттеме
158-бап. Алып келу
159-бап. Қызметінен уақытша шеттету
160-бап. Ақша өндіріп алу
161-бап. Мүлікке тыйым салу
5-бөлім. Қылмыстық процестегі мүліктік мәселелер
20-тарау. Қылмыстық процестегі азаматтық талап
162-бап. Қылмыстық процесте қаралатын азаматтық талаптар
163-бап. Азаматтық талап қою
164-бап. Азаматтық талапкер деп тану
165-бап. Азаматтық талапкер деп танудан бас тарту
166-бап. Іске азаматтық жауапкер ретінде қатысуға тарту
167-бап. Зиянды өтеудің негіздемелері, шарттары, көлемі және әдісі туралы қағидаларды қолдану
168-бап. Азаматтық талаптан бас тарту
169-бап. Азаматтық талап бойынша шешім шығару
170-бап. Азаматтық талапты қамтамасыз ету
171-бап. Сот үкімінің және қаулысының азаматтық талап бөлігінде орындалуы
21-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысындағы еңбекке ақы төлеу және шығындарды өтеу
172-бап. Заң көмегіне ақы төлеу
173-бап. Аудармашының, маманның, сарапшының орындаған жұмысы үшін сыйақы алуы
174-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысқан адамдардың шыққан шығыстарын өтеу
22-тарау. Іс жүргізу шығындары
175-бап. Іс жүргізу шығындары
176-бап. Іс жүргізу шығындарын төлеттіру
Ерекше бөлім
6-бөлім. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу
23-тарау. Қылмыстық іс қозғау
177-бап. Қылмыстық іс қозғауға себептер мен негіздер
178-бап. Азаматтардың өтініштері
179-бап. Кінәсін мойындап келу
180-бап. Мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқаратын адамның хабары
181-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар
182-бап. Қылмыстық істі қозғауға құқық берілген лауазымды адамдардың және

органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы
183-бап. Қылмыс туралы арыздар мен хабарларды қабылдау мен қараудың міндеттілігі
184-бап. Қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарау мерзімдері
185-бап. Қылмыс туралы арызды немесе хабарды қарау нәтижесінде қабылданатын шешімдер
186-бап. Қылмыстық іс қозғау тәртібі
187-бап. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту
188-бап. Қылмыс туралы хабарды немесе арызды тергелуіне немесе сотталуына қарай беру
189-бап. Қылмыстық қудалау органының қылмыстық іс қозғалғаннан кейінгі іс-әрекеті
190-бап. Прокурордың қылмыстық іс қозғаудың заңды болуын қадағалауы
23-1-тарау. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу
190-1-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің негіздері
190-2-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің тәртібі
190-3-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасау және қылмыстық істі прокурорға беру
190-4-бап. Прокурордың сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеттері
24-тарау. Алдын ала тергеу жүргізудің жалпы шарттары
191-бап. Алдын ала тергеудің міндеттілігі
192-бап. Тергелу реті
193-бап. Алдын ала тергеу жүргізілетін жер
194-бап. Алдын ала тергеу жүргізудің басталуы
195-бап. Алдын ала тергеудің аяқталуы
196-бап. Алдын ала тергеу мерзімі
197-бап. Прокурордың алдын ала тергеу барысындағы өкілеттіктері
198-бап. Алдын ала тергеуді тергеушілер тобының жүргізуі
199-бап. Тергеу тобы жетекшісінің өкілеттіктері
200-бап. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын істер бойынша қызметі
201-бап. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері
202-бап. Алдын ала тергеу барысында шығарылатын қаулылар
203-бап. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасы
204-бап. Қылмыс жасауға және басқа да заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою жөніндегі ұйғарым
205-бап. Алдын ала тергеу мен анықтау деректерін жария етуге жол бермеу
25-тарау. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту
206-бап. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту
207-бап. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы

208-бап. Айыпталушының келу міндеттілігі
209-бап. Айып тағу
210-бап. Айып тағуды өзгерту мен толықтыру. Қылмыстық ізге түсуді айып тағу бөлігінде қысқарту
26-тарау. Жауап алу және беттестіру
211-бап. Жауап алуға шақыру тәртібі
212-бап. Жауап алудың орны мен уақыты
213-бап. Жауап алуды жүргізудің жалпы қағидалары
214-бап. Куә мен жәбірленушіден жауап алу
215-бап. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері
216-бап. Күдіктіден жауап алу
217-бап. Айыпталушыдан жауап алу
218-бап. Жауап алу хаттамасы
219-бап. Жауап алу кезінде дыбыс және бейне жазбаны қолдану
220-бап. Беттестіру
27-тарау. Қарап-тексеру, эксгумация және куәландыру
221-бап. Қарап-тексеру
222-бап. Қарап-тексеру жүргізудің жалпы қағидалары
223-бап. Заттай дәлелдерді қарап-тексеру және сақтау
224-бап. Адам мәйітін қарап-тексеру
225-бап. Эксгумация
226-бап. Куәландыру
227-бап. Қарап-тексерудің, куәландырудың, эксгумацияның хаттамасы
28-тарау. Тану
228-бап. Тану үшін көрсету
229-бап. Тану үшін көрсету тәртібі
29-тарау. Тінту және алу
230-бап. Тінту
231-бап. Алу
232-бап. Тінту мен алуды жүргізу тәртібі
233-бап. Жеке адамды тінту
234-бап. Тінту немесе алу хаттамасы
30-тарау. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау. Хабарламаларды жол-жөнекей ұстау. Сөйлесулерді тыңдау мен жазу
235-бап. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау, оларды тексеру мен алу
236-бап. Хабарларды жол-жөнекей ұстау
237-бап. Сөйлесулерді және сөздерді тыңдау мен жазу
31-тарау. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау. Тергеу эксперименті

238-бап. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау
239-бап. Тергеу эксперименті
32-тарау. Сот сараптамасы
240-бап. Сараптама тағайындау
241-бап. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау
242-бап. Сараптама тағайындау тәртібі
243-бап. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар
244-бап. Күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары
244-1-бап. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі
245-бап. Сот сараптамасы органының сараптама жүргізуі. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары мен міндеттері
246-бап. Сот сараптамасы органынан тыс сараптама жүргізу
246-1-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы
247-бап. Сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастыру
248-бап. Сараптама объектілері
249-бап. Жеке және комиссиялық сараптама
250-бап. Кешенді сараптама
251-бап. Сарапшы қорытындысының мазмұны
252-бап. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар
253-бап. Сарапшыдан жауап алу
254-бап. Күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге сарапшының қорытындысын көрсету
255-бап. Қосымша және қайталама сараптама
33-тарау. Үлгілер алу
256-бап. Үлгілер алудың негіздері
257-бап. Үлгілер алуға құқығы бар адамдар мен органдар
258-бап. Үлгілер алуға болатын адамдар
259-бап. Тергеушінің үлгілер алуының тәртібі
260-бап. Дәрігердің немесе басқа маманның үлгілер алуы
261-бап. Сарапшының үлгілерді алуы
262-бап. Үлгілер алу кезіндегі жеке адам құқықтарын қорғау
263-бап. Үлгілер алу туралы қаулының орындалу міндеттілігі
264-бап. Үлгілер алу хаттамасы
34-тарау. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру және қайта жалғастыру
265-бап. Алдын ала тергеуді тоқтату тұру тәртібі
266-бап. Тергеушінің алдын ала тергеуді тоқтата тұрғаннан кейінгі іс-әрекеті
267-бап. Айыпталушыны іздестіру
267-1-бап. Халықаралық іздестіруді жариялау

268-бап. Тоқтатыла тұрған алдын ала тергеуді қайта жалғастыру
35-тарау. Алдын ала тергеу барысында істі қысқарту
269-бап. Алдын ала тергеу барысында істі қысқартудың негіздері мен тәртібі
270-бап. Тергеушінің қылмыстық іс қысқартылғаннан кейінгі іс-әрекеті
271-бап. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыға шағым жасау
272-бап. Қысқартылған қылмыстық істі қайта жалғастыру
272-1-бап. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру
36-тарау. Айыптау қорытындысын жасау және қылмыстық істі сотқа жіберу
273-бап. Прокурорға айыптау қорытындысымен бірге жіберілетін іс бойынша тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы хабарлау
274-бап. Жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін іс материалдарымен таныстыру
275-бап. Айыпталушыны және оның қорғаушысын істің барлық материалымен таныстыру
276-бап. Өтініштерді мәлімдеу және шешу
277-бап. Қылмыстық іс материалдарымен таныстыру туралы хаттама
278-бап. Айыптау қорытындысы
279-бап. Айыптау қорытындысына қосымшалар
280-бап. Қылмыстық істі прокурорға жіберу
281-бап. Айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша прокурор шешетін мәселелер
282-бап. Прокурордың айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша іс-әрекеті
283-бап. Прокурордың іс бойынша бұлтартпау шарасы туралы шешімі
284-бап. Айыпталушыны сотқа беру
37-тарау. Алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау
285-бап. Алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтаудың тәртібі мен мерзімдері
286-бап. Анықтау барысында дәлелденуге жататын мән-жайлар
287-бап. Айыптау хаттамасын жасау және істі сотқа жіберу үшін прокурорға беру
288-бап. Алдын ала тергеу жүргізу
289-бап. Прокурордың анықтауды қадағалау жөніндегі өкілеттіктері
7-бөлім. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу
38-тарау. Қылмыстық істердің соттылығы
290-бап. Аудандық және оған теңестірілген соттың соттауына жататын қылмыстық істер
290-1-бап. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттауына жататын қылмыстық істер
290-2-бап. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттауына жататын қылмыстық істер

290-3-бап. Қылмыстық істердің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың және гарнизондардың әскери соттарының соттауына жатуы
291-бап. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жататын қылмыстық істер
291-1-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарау
292-бап. Жоғарғы Соттың соттауына жататын қылмыстық істер
293-бап. Әскери соттың соттауына жататын істер
294-бап. Қылмыстық істердің аумақтық соттауына жатуы
295-бап. Қылмыстық істерді біріктіру кезінде соттылықты белгілеу
296-бап. Істі іс жүргізуге қабылдаған соттың қылмыстық істі соттың қарауына жатқызылуы бойынша беруі
297-бап. Қарауына жататын соттан қылмыстық істі басқа сотқа беру
298-бап. Соттың қарауына жататындығы туралы дауларды шешу
39-тарау. Басты сот талқылауын тағайындау туралы мәселені шешу және соттың отырысына дайындық іс-әрекеттер
299-бап. Соттың келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеті
300-бап. Сотқа келіп түскен іс бойынша анықтауға жататын мәселелер
301-бап. Алдын ала тыңдауды өткізу
302-бап. Басты сот талқылауын тағайындау
303-бап. Қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтару
303-1-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудегі қылмыстық істі прокурорға жіберу
304-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру
305-бап. Азаматтық талапты және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары
306-бап. Қылмыстық істі соттың қарауына жататындығы бойынша жіберу
307-бап. Қылмыстық істі тоқтату
308-бап. Тараптардың іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету
309-бап. Құжаттардың көшірмелерін тапсыру
310-бап. Сот отырысына шақырту
40-тарау. Басты сот талқылауының жалпы шарттары
311-бап. Сот талқылауының тікелей және ауызша болуы
312-бап. Істі талқылау кезінде сот құрамының өзгертілмеуі
313-бап. Запастағы судья
314-бап. Төрағалық етушінің басты сот талқылауындағы өкілеттігі
315-бап. Сотталушының басты сот талқылауына қатысуы
316-бап. Қорғаушының басты сот талқылауына қатысуы
317-бап. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауына қатысуы

318-бап. Жәбірленушінің басты сот талқылауына қатысуы
319-бап. Азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің басты сот талқылауына қатысуы
320-бап. Басты сот талқылауының шегі
321-бап. Басты сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру
322-бап. Бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешу
323-бап. Істі қосымша тергеуге жіберу
324-бап. Басты сот талқылауында істі тоқтату
325-бап. Басты сот талқылауында қаулылар шығару тәртібі
326-бап. Басты сот талқылауының тәртібі
327-бап. Басты сот талқылауында тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шаралар
328-бап. Басты сот талқылауының хаттамасы
329-бап. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертпелер
330-бап. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертпелерді қарау
41-тарау. Басты сот талқылауының дайындық бөлімі
331-бап. Басты сот талқылауының ашылуы
332-бап. Басты сот талқылауына шақырылған адамдардың келуін тексеру
333-бап. Аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
334-бап. Аудармашыға қарсылық білдіру туралы мәселені шешу
335-бап. Куәларды сот отырысы залынан шығару
336-бап. Сотталушының жеке басын және оған айыптау қорытындысы көшірмесінің уақтылы тапсырылғанын анықтау
337-бап. Сот құрамын, процеске басқа қатысушыларды жариялау
338-бап. Бас тартуды шешу тәртібі
339-бап. Сотталушыға оның құқықтарын түсіндіру
340-бап. Жәбірленушіге, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру
341-бап. Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
342-бап. Маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
343-бап. Өтініштерді мәлімдеу және шешу
344-бап. Іске қатысатын адамдардың бірі болмаған кезде істі тыңдау мүмкіндігі туралы мәселені шешу
42-тарау. Сот тергеуі
345-бап. Сот тергеуінің басталуы
346-бап. Сотталушының көзқарасын анықтау
347-бап. Дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу тәртібі
348-бап. Сотталушыдан жауап алу
349-бап. Сотталушының айғақтарын жария ету

350-бап. Жәбірленушіден жауап алу
351-бап. Куәлардан жауап алу
352-бап. Кәмелетке толмаған жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері
353-бап. Жәбірленуші мен куәнің айғақтарын жария ету
354-бап. Сот талқылауындағы сараптама
355-бап. Сарапшыдан жауап алу
356-бап. Заттай дәлелдемелерді қарау
357-бап. Тергеу іс-әрекетінің хаттамалары мен құжаттарын жария ету
358-бап. Сотталушының, жәбірленушінің, куәның айғақтарын, сондай-ақ хаттамалар мен құжаттарды жария ету тәртібі
359-бап. Іс болған орынды және үй-жайды қарау
360-бап. Тану үшін көрсету, куәландыру, айғақтарды тұрған жерінде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу
361-бап. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу
362-бап. Сот тергеуінің аяқталуы
363-бап. Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы
43-тарау. Сот жарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі
364-бап. Сот жарыссөзінің мазмұны мен тәртібі
365-бап. Сотталушының соңғы сөзі
366-бап. Сот тергеуін қайта жалғастыру
367-бап. Соттың кеңесу бөлмесіне кетуі
44-тарау. Үкім шығару
368-бап. Қазақстан Республикасының атынан үкім шығару
369-бап. Үкімнің заңдылығы мен негізділігі
370-бап. Үкім шығару құпиясы
371-бап. Соттың үкім шығару кезінде шешетін мәселелері
372-бап. Сотталушының есі дұрыстығы туралы мәселені шешу
373-бап. 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 227-IV ҚР Заңымен алып тасталды ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
374-бап. Үкімдердің түрлері
375-бап. Айыптау үкімі
376-бап. Ақтау үкімі
377-бап. Үкімді жасау
378-бап. Үкімнің кіріспе бөлімі
379-бап. Айыптау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігі
380-бап. Айыптау үкімінің қорытынды бөлігі
381-бап. Ақтау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігі
382-бап. Ақтау үкімінің қорытынды бөлігі
383-бап. Үкімнің қорытынды бөлігінде шешуге жататын өзге де мәселелер

384-бап. Үкімді жариялау
385-бап. Сотталушыны қамауда ұстаудан босату
386-бап. Үкім көшірмесін табыс ету
387-бап. Жеке қаулы алу
388-бап. Сот үкім шығарумен бір мезгілде шешетін мәселелер
45-тарау. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері
389-бап. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі
390-бап. Жеке айыптау ісін қозғау
391-бап. Жеке айыптау ісі бойынша судьяның сот талқылауы басталғанға дейінгі іс-әрекеттері
392-бап. Тараптардың бастамашылығы бойынша дәлелдемелерді табыс ету және жинау
393-бап. Жеке айыптау ісін сот отырысында қарау
394-бап. Жеке айыптау ісі бойынша соттың шешімі
395-бап. Жеке айыптау ісін қысқарту
8-бөлім. Соттың заңды күшіне енбеген үкімдері мен қаулыларын қайта қарау
46-тарау. Апелляциялық шағымдану, заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне наразылық білдіру
396-бап. Үкімге (қаулыға) апелляциялық шағымдану, наразылық білдіру құқығы
396-1-бап. Апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері
397-бап. Заңды күшіне енбеген үкімдерге, қаулыларға берілген апелляциялық (жеке) шағымдарды, наразылықтарды қарайтын соттар
398-бап. Апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар беру тәртібі
399-бап. Үкімдерге (қаулыларға) апелляциялық шағымдану, наразылық білдіру мерзімдері
400-бап. Апелляциялық (жеке) шағымдануға, наразылық беруге арналған мерзімді қалпына келтіру тәртібі
401-бап. Апелляциялық (жеке) шағым және наразылық беру туралы хабардар ету
402-бап. Апелляциялық (жеке) шағымданудың және наразылық берудің салдарлары
403-бап. Бірінші сатыдағы соттың қаулысына шағымдану, наразылық білдіру
404-бап. Істі апелляциялық сатыда қараудың шектері
47-тарау. Апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау
405-бап. Апелляциялық қараудың мәні
406-бап. Істі апелляциялық сатыда қарау мерзімдері
407-бап. Апелляциялық (жеке) шағым, наразылық
408-бап. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын тағайындау
408-1-бап. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын дайындау
409-бап. Апелляциялық сатыда істі қарау тәртібі
410-бап. Апелляциялық сатының өкілеттігі
411-бап. Апелляциялық саты қабылдайтын шешімдер

411-1-бап. Апелляциялық сатының қылмыстық процесте азаматтық талап қоюды қарауы
412-бап. Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіздер
413-бап. Сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық еместігі
414-бап. Соттың үкімде (қаулыда) айтылған тұжырымдарының істің нақты мән-жайларына сәйкес келмеуі
415-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы
416-бап. Қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы
417-бап. Сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталғанның жеке басына сәйкес келмеуі
418-бап. Істі қысқарта отырып, айыптау үкімінің күшін жою
419-бап. Ақтау үкімінің күшін жою
420-бап. Істі жаңадан сот талқылауына жібере отырып, үкімнің күшін жою
420-1-бап. Жаңа үкім шығара отырып, үкімнің күшін жою
420-2-бап. Істі қосымша тергеуге жібере отырып, үкімнің күшін жою
421-бап. Үкімді өзгерту
422-бап. Апелляциялық қаулының мазмұны
423-бап. Апелляциялық қаулы шығару және оның заңды күшіне енуі
423-1-бап. Апелляциялық сатыдағы соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісу
423-2-бап. Істі апелляциялық сатыда қайтадан қарау
423-3-бап. Бастапқы үкімнің күші жойылғаннан кейін істі бірінші саты бойынша қарау
48-тарау. 2001 жылғы 11 шілдедегі № 238 ҚР Заңымен алып тасталды
48-1-тарау. Кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау
446-1-бап. Соттың үкімдеріне (қаулыларына) кассациялық тәртіппен шағымданудың жалпы шарттары
446-2-бап. Кассациялық қараудың нысанасы
446-3-бап. Кассациялық шағым немесе наразылық
446-4-бап. Істі кассациялық сатыда қарау мерзімдері
446-5-бап. Кассациялық сатыдағы сот отырысын белгілеу
446-6-бап. Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттігі
446-7-бап. Кассациялық сатының істерді қарау тәртібі
446-8-бап. Кассациялық саты қабылдайтын шешімдер
446-9-бап. Кассациялық сатының үкімнің (қаулының) күшін жою немесе оны өзгерту негіздері
446-10-бап. Қылмыстық заңды дұрыс қолданбау
446-11-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы
446-12-бап. Үкімнің әділетсіздігі
446-13-бап. Істі қысқарта отырып, айыптау үкімінің күшін жою
446-14-бап. Ақтау үкімінің күшін жою

446-15-бап. Істі жаңадан сот талқылауына жібере отырып, үкімнің күшін жою
446-16-бап. Істі қосымша тергеуге жібере отырып, үкімнің күшін жою
446-17-бап. Үкімді өзгерту
446-18-бап. Кассациялық қаулының мазмұны
446-19-бап. Кассациялық қаулы шығару
446-20-бап. Кассациялық сатыдағы қаулыны орындауға кірісу
446-21-бап. Істі кассациялық сатыда қайтадан қарау
446-22-бап. Бастапқы үкімнің күші жойылғаннан кейін істі бірінші саты бойынша қарау
446-23-бап. Істі жаңадан қарау кезіндегі жаза тағайындаудың шектері
9-бөлім. Сот шешімдерін орындау
49-тарау. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау
447-бап. Үкімнің заңды күшіне енуі және оны орындауға кірісу
448-бап. Сот қаулысының заңды күшіне енуі және оны орындауға кірісу
449-бап. Соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісу тәртібі
450-бап. Сотталғанның туыстары мен азаматтық талапкерге үкімді орындауға кірісу туралы хабарлау
451-бап. Туыстарына сотталғанмен жүздесуге рұқсат ету
452-бап. Үкімнің орындалуын кейінгі қалдыру
453-бап. Үкімді орындау кезінде соттың қарауына жататын мәселелер
454-бап. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешетін соттар
455-бап. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешу тәртібі
456-бап. Соттылықты алып тастау туралы өтініштерді қарау
457-бап. Судьяның қаулысына шағымдану және наразылық білдіру
10-бөлім. Соттың заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау жөнінде іс жүргізу
50-тарау. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау
458-бап. Заңды күшіне енгеннен кейін қайта қаралуы мүмкін сот актілері
459-бап. Заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау негіздері
460-бап. Заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау туралы өтініш жасауға, заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларына наразылық білдіруге құқығы бар адамдар
461-бап. Заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағымдану мерзімдері
462-бап. Заңды күшіне енген сот үкімін, қаулысын қайта қарау туралы өтінішті беру, наразылық білдіру тәртібі
462-1-бап. Өтініштерді, наразылықты қарамай қайтару
463-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішті алдын ала қарау
464-бап. Өтінішті алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын қаулылар
465-бап. Қадағалау сатысының сот отырысын тағайындау
466-бап. Сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру
467-бап. Істі қадағалау сатысында қарау тәртібі, қадағалау сатысы сотының шешімдері

467-1-бап. Адвокаттың қадағалау сатысындағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері
468-бап. Қадағалау сатысындағы сот қаулысының мазмұны
469-бап. Істі соттың үкімі мен қаулысының күші жойылғаннан кейін қарау
470-бап. Соттың істі жаңадан қараған кезде шығарған үкімін және қаулысын қайта қарау туралы өтініш (наразылық) келтіру
470-1-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысын тағайындау
470-2-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының ұсынуды немесе наразылықты қарау тәртібі
51-тарау. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс бойынша іс жүргізуді қайта жалғастыру
471-бап. Іс бойынша іс жүргізуді қайта жалғастырудың негіздері
472-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауға жататын қылмыстық істер бойынша сот шешімдері
473-бап. Іс жүргізуді қайта жалғастырудың мерзімдері
474-бап. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғау
475-бап. Сот отырысы аяқталғаннан кейінгі соттың іс-әрекеті
476-бап. Соттың іс бойынша іс жүргізуді қайта жалғастыру туралы мәселені шешуі
477-бап. Алып тасталды
478-бап. Сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу
479-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта жалғастыру кезіндегі азаматтық талап
11-бөлім. Қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізу ерекшеліктері
52-тарау. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу
480-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі
481-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша анықтауға жататын мән-жайлар
482-бап. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша жариялылықты шектеу
483-бап. Кәмелетке толмаған туралы істі жеке іс жүргізуге бөлектеу
484-бап. Кәмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны шақыру тәртібі
485-бап. Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу
486-бап. Қорғаушының қатысуы
487-бап. Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілінің алдын ала тергеуге қатысуы
488-бап. Педагог пен психологтың қатысуы
489-бап. Кәмелетке толмағанға кешенді психологиялық-психиатриялық және психологиялық сараптама жасау
490-бап. Кәмелетке толмағанды арнаулы мекемеге орналастыру

491-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстау және оларға бұлтартпау шараларын қолдану
492-бап. Кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкілінің сот талқылауына қатысуы
493-бап. Кәмелетке толмаған сотталушыны сот отырысының залынан шығару
494-бап. Кәмелетке толмағанның ісі бойынша үкім шығару кезінде сот шешетін мәселелер
495-бап. Кәмелетке толмағанды тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, жазадан босату
53-тарау. Артықшылықтары мен қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері
496-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу
497-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу
498-бап. Судьяға қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу
499-бап. Қазақстан Республикасының Бас прокурорына қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу
500-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына қатысты қылмыстық істі соттың талқылауы
501-бап. Қылмыстық ізге түсуден дипломатиялық иммунитеті бар адамдар
502-бап. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарды ұстау және қамауға алу
503-бап. Айғақтар беруден дипломатиялық иммунитет
504-бап. Үй-жайлар мен құжаттардың дипломатиялық иммунитеті
12-бөлім. Айрықша іс жүргізу
54-тарау. Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу
505-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу негіздері
506-бап. Дәлелдеуге жататын мән-жайлар
507-бап. Қауіпсіздік шаралары
508-бап. Туған-туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына беру
509-бап. Мамандандырылған медициналық ұйымға орналастыру
510-бап. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылып ауырған адамға қатысты істі бөлектеу
511-бап. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның құқықтары
512-бап. Заңды өкілдің қатысуы

513-бап. Қорғаушының қатысуы
514-бап. Алдын ала тергеудің аяқталуы
515-бап. Сотта іс жүргізу
516-бап. Іс бойынша шешім қабылдау кезінде сот шешетін мәселелер
517-бап. Сот қаулысы
518-бап. Сот қаулысына шағымдану және наразылық білдіру
519-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тоқтату, өзгерту және олардың мерзімін ұзарту
520-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамға қатысты қылмыстық істі қайта жалғастыру
55-тарау. Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың шет мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құзыретті мекемелерімен және лауазымды адамдарымен өзара іс-қимылының тәртібі туралы негізгі ережелер
521-бап. Құқықтық көмек көрсету тәртібімен жүргізілетін іс жүргізу әрекеттері және өзге де іс-әрекеттер
522-бап. Іс жүргізу құжаттарының жарамдылығы
523-бап. Құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қарым-қатынас жасау тәртібі
524-бап. Іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырманың мазмұны
525-бап. Іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырманы орындау тәртібі
526-бап. Куәні, жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді, олардың өкілдерін, сарапшыны шақыру және олардан жауап алу
527-бап. Істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін жіберу
528-бап. Қылмыстық ізге түсуді жалғастыру туралы немесе қылмыстық іс қозғау туралы өтініштерді орындау
529-бап. Адамды қылмыстық жауапқа тарту немесе үкімді орындау үшін ұстап беру туралы талапты жіберу
530-бап. Ұстап берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері
531-бап. Шет мемлекеттің азаматын ұстап беру туралы талапты орындау
531-1-бап. Адамды ұстап беру туралы шешімге шағымдану
532-бап. Ұстап беруден бас тарту
533-бап. Азаматтығы жоқ адамдарға, үшінші бір елдің азаматтарына қатысты қылмыстық ізге түсуді жалғастыру және оларды ұстап беру
534-бап. Әдеттен тыс қамау (ұстау және ұстап беру үшін қамауға алу)
535-бап. Транзиттік тасымалдау
536-бап. Заттарды беру
56-тарау. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамды өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беру
537-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамды өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беру негіздері

538-бап. Сотталғанды өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беру шарттары мен тәртібі
539-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғанды жазасын өтеу үшін шет мемлекетке беруден бас тарту
540-бап. Қазақстан Республикасының азаматын жазасын өтеу үшін қабылдау туралы өтінішті қарау
541-бап. Соттың шет мемлекет сотының үкімін орындауға байланысты мәселелерді шешу тәртібі
13-бөлім. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша іс жүргізу
57-тарау. Жалпы ережелер
542-бап. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша іс жүргізу тәртібі
543-бап. Алқабилердің қатысуымен соттың карауына жататын істер
544-бап. Алқабилер қатысатын сот құрамы
545-бап. Алқабиге ықпал етуге жол бермеу
546-бап. Алқабилердің қатысуымен соттың істі қарауы туралы өтініш
58-тарау. Сот отырысын тағайындаудың ерекшеліктері
547-бап. Алқабилердің қатысуымен соттың істі қарауы туралы өтініш болған кезде сот отырысын тағайындау
548-бап. Алдын ала тыңдау жүргізудің ерекшеліктері
549-бап. Алқабилердің қатысуымен сот отырысын тағайындау кезінде алдын ала тыңдау тәртібімен шығарылатын шешімдердің ерекшеліктері
550-бап. Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдау тәртібі
59-тарау. Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу
551-бап. Жалпы ережелер
552-бап. Төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы
553-бап. Алқабиге кандидаттардың өздігінен бас тартуы туралы мәселелерді шешу
554-бап. Алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу
555-бап. Алқабиге кандидаттарға дәлелсіз қарсылық білдіру
556-бап. Жеребе тастау арқылы алқабилер алқасын құру
557-бап. Алқабилердің сот талқылауына қатысуының жалпы шарттары
558-бап. Алқабилердің ант қабылдауы
60-тарау. Алқабилердің қатысуымен соттың істі талқылау ерекшеліктері
559-бап. Алқабидің құқықтары, міндеттері және істі қарауға байланысты іс-әрекеттердегі шектеулер
560-бап. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті
561-бап. Алқабилер қатысатын соттағы істің қысқартылуы
562-бап. Алқабилер қатысатын соттағы сот тергеуінің ерекшеліктері
563-бап. Алқабилер қатысатын соттағы тараптардың жарыссөздері

564-бап. Алқабилер қатысатын соттағы репликалар және сотталушының соңғы сөзі
565-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын мәселелердің қойылуы
566-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын мәселелердің мазмұны
567-бап. Төрағалық етушінің алқабилерге жүгінуі
568-бап. Алқабилер кеңесінің құпиясы
569-бап. Кеңесу бөлмесінде кеңесу мен дауыс беруді жүргізу тәртібі
570-бап. Алқабилер қатысатын сот қабылдайтын шешімдердің түрлері
571-бап. Үкім шығару
572-бап. Сотталушының есі дұрыс емес екендігінің анықталуына байланысты қылмыстық істі қарауды тоқтату
573-бап. Сот отырысының хаттамасын жүргізу ерекшеліктері
61-тарау. Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізудің ерекшеліктері
574-бап. Алқабилердің қатысуымен сот шығарған, заңды күшіне енбеген үкімдер мен қаулыларға шағымдану және наразылық білдіру
575-бап. Алқабилердің қатысуымен сот қараған істерді кассациялық сатыда жүргізу ерекшеліктері
62-тарау. Қадағалау сатысындағы сотта іс жүргізу ерекшеліктері
576-бап. Алқабилер қатысқан соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарау
577-бап. Алқабилер қатысқан соттың шешімін қадағалау тәртібімен қайта қараған кезде сотталған адамның жағдайын нашарлатуға жол бермеу»;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 25-1) тармақпен толықтырылсын:
«25-1) «хабар-ошарсыз жоғалған адам» – өтініш берілген кезден бастап екі ай бойы жүргізілген жедел-іздестіру шараларымен тұрған жерін осы мерзімде анықтау мүмкін болмаған адам;»;

3) 32-бапта:
екінші бөлік «айыпталушымен» деген сөзден кейін «, сотталушымен» деген сөзбен толықтырылсын;
үшінші бөлік «айыпталушымен» деген сөзден кейін «, сотталушымен» деген сөзбен толықтырылсын;

4) 34-баптың бірінші бөлігіндегі «189,» деген цифрлар алып тасталсын;

5) 36-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Қылмыстық қудалау органының заңға сәйкес қойған талаптары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті және үш тәуліктен кешіктірмей орындалуға тиіс. Қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдау немесе күдіктіні ұстау, қамауға алу қажет болған жағдайда қылмыстық қудалау органының талабы жиырма төрт сағат ішінде орындалуға тиіс. Аталған талаптарды дәлелсіз себептермен орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.»;

6) 37-бапта:

тақырыбындағы «Қылмыстық ізге түсуді» деген сөздер «Іс жүргізуді» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

«қозғалған» деген сөзден кейін «қылмыстық» деген сөзбен толықтырылсын;

10) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10) артықшылықтары немесе қылмыстық қудалауға қарсы иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды тұлғаның келісім беруден бас тартуына байланысты;»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың бірінші бөлігінің 3, 4 және 11-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартуға не қылмыстық істі тоқтатуға, егер өтініш беруші ол адамды қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсетсе, күдікті, айыпталушы, сондай-ақ сотталушы немесе оның заңды өкілдері бұған қарсылық білдірсе де, жол берілмейді. Бұл жағдайда іс жүргізу жалғастырылады және оған негіздер болған кезде сотталған адамды жазадан босату арқылы айыптау үкімінің қаулысымен аяқталады.

Осы баптың бірінші бөлігінің 3, 4, 9, 10 және 11-тармақтарында аталған негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдау үшін қылмыс жасаудан зардап шеккен адамның немесе жәбірленушінің келісімі талап етілмейді.

Қылмыстық істі тоқтату бір мезгілде қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 8-бөліктермен толықтырылсын:

«4-1. Әрекет жасаған сәтте заңға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім осы баптың бірінші бөлігінің 2-тармағында аталған негіз бойынша қабылдануға тиіс. Әрекет жасаған сәтте заңға сәйкес қылмыстық жауапқа тартылатын жасқа жетсе де, психикалық науқаспен байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толығымен түйсіне алмаған және оларды игере алмаған, кәмелетке толмаған адамға қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім дәл осы негіз бойынша қабылдануы тиіс.»;

«8. Қылмыстық қудалау органдары және соттар қылмыстық іс тоқтатылған не қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған кезде адамның іс-әрекеттерінде әкімшілік немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болғанда он күн ішінде құзыретті органдарға әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге міндетті.»;

7) 38-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот, прокурор, сондай-ақ прокурордың келісімімен тергеуші немесе анықтау органы тиісті мән-жайлар болған кезде өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65, 66-баптарында, 67-бабының екінші бөлігінде және 68-бабында, сондай-ақ 373, 375 – 378, 381-баптарының ескертулерінде көзделген жағдайларда адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға не қылмыстық істі тоқтатуға құқылы. Мұндай жағдайларда сот қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығаруға да құқылы.»;

8) 48-бапта:

бірінші бөлікте:

«айыптау» деген сөзден кейін «немесе күдіктену» деген сөздермен толықтырылсын;

«айтпағандығын айыптау» деген сөздерден кейін «немесе күдіктену» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы «соңғы» деген сөз «бірінші» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 50-баптың бірінші бөлігі 9) тармақтағы «орындалған жағдайда анықтаушының, тергеушінің немесе соттың қаулысымен толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтатыла тұруы мүмкін.» деген сөздер «орындалған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақпен толықтырылсын:

«10) хабар-ошарсыз жоғалған адамды таппаған жағдайда анықтаушының, тергеушінің немесе соттың қаулысымен толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтатыла тұруы мүмкін.»;

10) 51-баптың бірінші бөлігіндегі «органның қысқартуына жатады» деген сөздер « орган қысқартады» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) мынадай мазмұндағы 51-1-баппен толықтырылсын:

«51-1-бап. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату тәртібі

1. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалау осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде, 38-бабының бірінші бөлігінде аталған негіздер бойынша тоқтатылады.

2. Қылмыстық қудалауды тоқтатуды осы Кодекстің 128-бабында белгіленген қағидаларды сақтап, дәлелдемелерді бағалағаннан кейін қылмыстық процесті жүргізуші орган жүзеге асырады.

3. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған жағдайда іс жүргізу осы Кодекстің 50-бабында көзделген негіздер бойынша жалғастырылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешім күдіктіге немесе айыпталушыға

қатысты ғана қабылдана алады. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті немесе айыпталушы деп танылмаған адамдарға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.»;

12) 53-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында осы Кодексте және басқа да заңнамада көзделген мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, алынатын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады.»;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«9. Процеске қатысушыларға тапсырылуға жататын, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер бар істен түсірілген іс жүргізу құжаттарының көшірмелері олармен танысқаннан кейін іспен бірге сақталады және процеске қатысушыларға сот отырысы кезінде тапсырылады.»;

13) 66-баптың бірінші бөлігіндегі «бөлімнің, бөлімшенің және анықтау органының өзге де бөлімшелерінің бастықтары» деген сөздер «анықтау органы бөлімінің бастығы және олардың орынбасарлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 68-бапта:

бірінші бөлік «қылмыстық іс қозғалған» деген сөздерден кейін «не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған» деген сөздермен толықтырылып, «сезікті» деген сөз «күдікті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Күдікті деп тану туралы қаулыда мыналар көрсетілуге тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен жері; қаулыны кім жасады; күдікті деп танылған адамның тегі, аты және әкесінің аты, туған жылы, күні, айы және оның туған жері;

2) оны жасаған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің 117-бабына сәйкес дәлелденуге тиіс өзге де мән-жайлар көрсетілген, күдікті болатын адам жасаған қылмыстың сипаттамасы;

3) осы қылмыс үшін жауаптылық көзделетін қылмыстық заң (бабы, бөлігі, тармағы).

Қаулы тергеліп жатқан іс бойынша адамды күдікті деп тану туралы шешімді қамтуға тиіс. Адамды күдікті деп тану туралы қаулы сол адамға ұсынылады. Тергеуші күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамға күдіктінің құқықтарын түсіндіруге және осы қаулының көшірмесін тапсыруға міндетті.

Адамды күдікті деп тану туралы қаулы шығарылғаннан кейін оның көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.»;

алтыншы бөліктегі «оны қамаудан босатқан, не оған қатысты таңдалған бұлтартпау шарасының күші жойылған сәттен бастап не оған қатысты қылмыстық ізге түсу тоқтатылған, не қылмыстық ізге түсу» деген сөздер «оған қатысты қудалау тоқтатылған сәттен бастап, не қылмыстық қудалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің 6) тармағы «қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының,» деген сөздерден кейін «оны күдікті деп тану туралы қаулының» деген сөздермен толықтырылсын;

15) 82-баптың үшінші бөлігі:

«өз қолымен жазуға;» деген сөздерден кейін «жауап алуға дейін оны күдікті деп тану туралы өтініш жасауға;» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Куәның алдын ала тергеуге және сотқа қатысуына байланысты оған келтірілген шығыстарды өтеу қамтамасыз етіледі.»;

16) 92-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тергеушіге немесе анықтаушыға қарсылық білдіру туралы мәселені прокурор не тиісінше тергеу бөлімінің бастығы немесе анықтау органының бастығы шешеді.»;

17) 99-бапта:

тақырыбындағы «Жәбірленушілердің» деген сөз «Күдіктілердің, жәбірленушілердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлік «қаупі болса,» деген сөздерден кейін «күдіктінің,» деген сөзбен толықтырылсын;

18) 108-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Прокурор шағымды ол алынған сәттен бастап жеті тәуліктің ішінде қарауға міндетті. Қамауға алу, тінту, алу, мүлікке тыйым салу, айыпталушы ретінде іске тарту, қызметінен шеттету кезінде заңды бұзу, сондай-ақ қинау, күш қолдану, қорқыту, не қорғану құқығын бұзу туралы шағымдар оларды алған сәттен бастап бес тәуліктің ішінде қарауға жатады. Шағымды тексеру үшін қосымша материалдар талап ету не өзге де шаралар қолдану қажет болатын ерекше жағдайларда шағым берген адамға ол туралы хабарлай отырып, шағымды он бес тәулікке дейінгі мерзімде қарауға жол беріледі.»;

19) 121-баптың үшінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы «Үкім шығару немесе істі қысқарту» деген сөздер «Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту шешім шығару, қылмыстық іс жүргізуді тоқтату немесе үкім шығару» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақтағы «үкімі» деген сөз «шешімі» деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 123-баптың екінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

21) 150-бапта:

үшінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «тергеушінің немесе анықтау органының» деген сөздер «қылмыстық қудалау органының» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

«Тергеушінің немесе анықтау органының айыпталушыны» деген сөздер «

Айыпталушыны» деген сөзбен ауыстырылсын;
«өтінішін», «тергеуші, анықтау органы» деген сөздер тиісінше «өтінішті», «қамау түрінде бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтініш жасаған қылмыстық қудалау органы» деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші бөліктің бірінші абзацындағы «Тергеушінің, анықтау» деген сөздер « Қылмыстық қудалау» деген сөздермен ауыстырылсын;
22) 153-бапта:
екінші бөліктегі «тергеушінің» деген сөз «қылмыстық қудалау органының» деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші және төртінші бөліктер «бастығының» деген сөзден кейін «не қылмыстық істі өз қарауына қабылдаған прокурордың не тергеу тобы басшысының» деген сөздермен толықтырылсын;
бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Қамауға алу мерзімін бұдан әрі ұзартуға жол берілмейді, қамауға алынған айыпталушы дереу босатылуға тиіс.»;
23) 154-баптың алтыншы бөлігіндегі «тергеуші, анықтау» деген сөздер «қылмыстық қудалау» деген сөздермен ауыстырылсын;
24) 159-баптың бірінші бөлігінде:
«жүргізуші орган» деген сөздерден кейін «прокурордың санкциясымен» деген сөздермен толықтырылсын;
«егер» деген сөз алып тасталып, «жеткілікті негіз болса» деген сөздер «жеткілікті негіздер болған кезде» деген сөздермен ауыстырылсын;
25) 161-баптың он төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:
«Тергеушінің, анықтаушының мүлікке тыйым салудың күшін жою туралы қаулысы прокурордың келісімімен шығарылады.»;
26) 163-баптың бірінші бөлігіндегі «басталғанға» деген сөз «аяқталғанға» деген сөзбен ауыстырылсын;
27) 169-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:
«7. Азаматтық талап бөлігінде сотталушы мен жәбірленуші арасында заңда белгіленген тәртіппен бітімгершілік келісім жасасу мүмкіндігіне жол беріледі.»;
28) 176-бап мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:
«12. Осы баптың 6-бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, іс жүргізу шығасылары туралы деректер болған жағдайда қылмыстық қудалау органы іс жүргізу шығасыларын өндіруді қамтамасыз ету шараларын қабылдауға міндетті.»;
29) 177-бапта:
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Қылмыстық іс қозғауға:
1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болмаған кезде,

қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы;

2) егер өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде осы мерзімде жүргізілген жедел іздестіру іс-шаралары арқылы адамның тұрған жерін анықтау мүмкін болмаса, адамның жоғалып кетуі негіз болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«3. Осы баптың екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық іс бойынша хабар-ошарсыз жоғалған адамға қатысты қылмыс жасау белгілерін көрсететін деректер анықталған жағдайда, әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша дәрежеленеді.»;

30) 181-баптың бірінші бөлігіндегі «немесе теледидар» деген сөздер «, телевидение немесе телекоммуникациялық желілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 186-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын :

«Осы Кодекстің 177-бабының екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы көрсетілмейді.»;

32) 190-1-баптың бірінші бөлігі «орташа ауыр қылмыстар» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ ауыр қылмыстар» деген сөздермен толықтырылсын;

33) 191-баптың екінші бөлігі «қылмыстық істер бойынша» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабының екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық істер бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

34) 192-бапта:

екінші бөлікте:

«175-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздер «175-бабында ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«178-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздер «178-бабында ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«181-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздер «181-баптарында ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«256-бабында (екінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;

«264-бабында (екінші бөлігінде)» деген сөздер «264» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«287-бабында (екінші бөлігінде), 288-бабында (екінші бөлігінде)» деген сөздер «287 -бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 288-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«319,» деген цифрлардан кейін «319-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«321, 322» деген цифрлар «321 – 322» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«360-бабында (үшінші бөлігінде)» деген сөздер «360-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қылмыстық істер бойынша,» деген сөздерден кейін «сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабының екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық істер бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

«189-бабында,» деген сөздер алып тасталсын;

«232-баптарында, 307-бабында» деген сөздер «232, 269-1, 307» деген цифрлармен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

«176-бабында (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің а), б), в) тармақтарында» деген сөздер «176-бабында (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің б) тармағында, төртінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«177-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «177-бабында ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«141-1-бабында» деген сөздер «141-1, 363-1-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-3-бөлік «227, 380» деген цифрлардан кейін «, 380-1, 380-2» деген цифрлармен толықтырылсын;

алтыншы бөлік «тергеуші» деген сөзден кейін «қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап бес тәулік ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

35) 198-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры ерекше жағдайларда тергеудің толық және объективті еместігі фактілері анықталған, іс күрделі және маңызды болған кезде алдын ала тергеуді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері арасынан тергеу тобын құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.»;

36) 199-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«5. Тергеу тобының жетекшісі болып тағайындалған прокурор тергеушінің осы Кодексте көзделген барлық өкілеттіктерін пайдаланады.»;

37) 204-бабының бірінші бөлігінде:

«Қылмыстық» деген сөз «Тергеуге дейінгі тексеру барысында немесе қылмыстық» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тергеуші» деген сөз «қылмыстық қудалау органы» деген сөздермен ауыстырылсын ;

38) 222-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қарап-тексеру куәгерлерді қатыстыра отырып жүргізіледі. Баруы қиын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмағанда немесе басқа объективті себептерге байланысты азаматтарды куәгер ретінде тарту мүмкін болмаған кезде не оны жүргізу адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен байланысты болса, қарап-тексеру, сондай-ақ құжаттар мен заттарды қарап-тексеру куәгерлерді

қатыстырмай, бірақ оның барысы мен нәтижелерін бекітудің техникалық құралдарын қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.»;

39) 223-баптың төртінші бөлігінде:

бірінші абзацта:

«қайтарылмайтындай болса» деген сөздерден кейін «, жергілікті атқарушы орган айқындайтын» деген сөздермен толықтырылсын;

«құны» деген сөзден кейін «сот шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «жоғары» деген сөз «белгіленген» деген сөзбен ауыстырылсын;

40) 226-бапта:

бірінші бөлік «куәға» деген сөзден кейін «, сондай-ақ қылмыстық іс қозғалғанға дейін өтініш берушіге және өтініш беруші қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамға» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Куәландыру жүргізу туралы тергеуші күдікті, айыпталушы үшін міндетті болып табылатын қаулы шығарады. Жәбірленушіні, куәні, өтініш берушіні, сондай-ақ өтініш беруші қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамды мәжбүрлеп куәландыру прокурордың санкциясымен жүргізіледі.»;

41) отызыншы тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«30-тарау. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау. Хабарламаларды жол-жөнекей ұстау. Сөйлесулерді тыңдау мен жазу»;

42) 237-бапта:

бірінші бөлік «тергеушінің» деген сөзден кейін «(анықтаушының)» деген сөзбен толықтырылсын;

жетінші бөлікте:

«куәгерлердің және қажет болған жағдайда маманның қатысуымен» деген сөздер «қажет болған жағдайда маманды тарта отырып» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

43) 241-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«241-бап. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау

1. Егер іс бойынша:

1) өлімнің себептерін, денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін;

2) іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмағанда немесе олар күмән туғызғанда күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын;

3) күдіктінің, айыпталушының есінің дұрыстығы немесе қылмыстық іс жүргізуде өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеті жөнінде күмән туғанда олардың психикалық немесе тәнінің жай-күйін;

4) жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және

олар туралы айғақтар беру қабілетіне күмән туған жағдайда олардың психикалық немесе тәнінің жай-күйін анықтау қажет болғанда;

5) істің өзге дәлелдермен дәйекті түрде анықталмайтын өзге де мән-жайын анықтау қажет болғанда, сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

2. Егер айыпталушының психикалық жай-күйіне Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасағаны үшін күмән келтірілсе, сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінің 3 және 4-тармақтарында тізбеленген негіздемелер бойынша күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге, куәға амбулаториялық сот-психиатриялық сараптама тағайындалады және жүргізіледі. Егер сарапшы стационарлық сот-психиатриялық сараптама жүргізбей және сынақтан өтушіні стационарлық тексеруге орналастырмай қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарлаған жағдайда, осы Кодекстің 247-бабының тәртібімен қылмыстық іс бойынша стационарлық сот-психиатриялық сараптама тағайындалады.»;

44) 256-бап мынадай мазмұндағы 4-бөлікпен толықтырылсын:

«4. Қылмыстық істі қозғау туралы шешім қабылдау үлгілерді зерттеусіз мүмкін болмаған жағдайларда олар қылмыстық іс қозғалғанға дейін алынуы мүмкін.»;

45) 263-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жәбірленушіден, куәдан осы баптың екінші бөлігінде аталған жағдайларда, сондай-ақ өтініш берушіден және өтініш беруші қылмыс жасаған деп тікелей көрсеткен адамнан үлгілерді мәжбүрлеп алуға прокурордың санкциясымен немесе соттың шешімі бойынша ғана жол беріледі.»;

46) 269-баптың үшінші бөлігіндегі «қылмыстық ізге түсу» деген сөздер « қылмыстық қудалау осы Кодекстің 51-1-бабында көзделген тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

47) мынадай мазмұндағы 272-1-баппен толықтырылсын:

«272-1-бап. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру

1. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру – прокурордың, тергеушінің, анықтау органының қаулысы бойынша, ал қылмыстық іс немесе материалдар сот ісін жүргізу барысында жоғалған жағдайда орындау үшін прокурорға жіберілетін сот шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Қылмыстық істі қалпына келтіру осы Кодексте белгіленген тәртіппен дәлелдемелер деп танылуы мүмкін қылмыстық іс материалдарының сақталған көшірмелері бойынша не қылмыстық процесті жүргізетін органның іс жүргізу әрекеттерін жүргізу жолымен жүргізіледі.

3. Қылмыстық істі қалпына келтіру кезінде анықтау, алдын ала тергеу және қамау мерзімдері осы Кодекстің 153, 196 және 285-баптарында белгіленген тәртіппен

есептеледі.

4. Егер жоғалған қылмыстық іс бойынша қамауда ұстаудың шекті мерзімі өтсе, айыпталушы дереу босатылуға тиіс.»;

48) 275-баптың екінші бөлігінде:

бұл түзетудің мемлекеттік тілдегі мәтінге қатысы жоқ;

«Мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге құпия бар істегі құжаттардан үзінділер және олардың көшірмелері іспен бірге сақталады және айыпталушы мен оның қорғаушысына сот талқылауы» деген сөздер «Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтер бар істегі құжаттардан үзінділер және олардың көшірмелері іспен бірге сақталады және айыпталушы мен оның қорғаушысына сот отырысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

49) 281-бап 10) тармақтағы «берілгені-берілмегенін тексеруге міндетті.» деген сөздер «берілгені-берілмегенін;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақпен толықтырылсын:

«11) қылмыстық қудалау органының оларды сотпен өндіруді қамтамасыз ету үшін іс жүргізу шығасыларының сомаларын белгілеу шараларын қабылдаған-қабылдамағанын тексеруге міндетті.»;

50) 282-баптың 4) тармағы «қайтарады» деген сөзден кейін «, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады» деген сөздермен толықтырылсын;

51) 283-бапта:

бірінші абзацтағы «Айыптау» деген сөз «1. Айыптау» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«2. Егер прокурор қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын жою, өзгерту не таңдап алу қажет деп санаған жағдайда ол бұл туралы дәлелді қаулы шығарып, санкция беру үшін сотқа жібереді.

Қаулыға қамауға алу негізін растайтын қылмыстық іс материалдары қоса беріледі.»;

52) 284-баптың бірінші бөлігі «қорытындысымен» деген сөзден кейін «және осы Кодекстің 280-бабының ескертуінде аталған жеке басын куәландыратын құжатпен» деген сөздермен толықтырылсын;

53) 285-бапта:

екінші бөлікте:

«188 (екінші бөлігінде),», «264 (бірінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

алтыншы бөліктегі «360 (бірінші және екінші бөліктерінде» деген сөздер «360 ( бірінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөліктегі «256-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздер «256-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-3-бөлікпен толықтырылсын:

«8-3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы немесе мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді.»;

54) 289-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақпен толықтырылсын:

«1-1) істі қосымша анықтау немесе тергеу жүргізу үшін не айыптау хаттамасын немесе айыптау қорытындысын қайта жасау үшін анықтаушыға қайтаруға құқылы, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады;»;

55) 302-баптың екінші бөлігінің 7) тармағындағы «айыпталушының» деген сөз « сотталушының» деген сөзбен ауыстырылсын;

56) 304-баптың екінші бөлігіндегі «айыпталушылардың», «айыпталушылар», « айыпталушыларға» деген сөздер тиісінше «сотталушылардың», «сотталушылар», « сотталушыларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 363-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ауыр емес, орташа ауыр қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, егер:»;

58) 384-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төрағалық етуші үкімнің толық мәтініне қол қойғаннан кейін сот отырысы залына оралып, үкімнің кіріспе және қарар бөлігін түрегеліп тұрып жариялайды. Сот отырысы залындағы қатысушылардың бәрі үкімнің кіріспе және қарар бөлігін түрегеліп тұрып тыңдайды.»;

екінші бөлікте:

«үкім» деген сөз «үкімнің кіріспе және қарар бөліктері» деген сөздермен ауыстырылсын;

«үкім жарияланысымен» деген сөздер «үкімнің кіріспе және қарар бөліктері жарияланысымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 402-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бірінші сатыдағы сот үкімге (қаулыға) шағымдану, наразылық беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін бір тәуліктен кешіктірмей, осы Кодекстің 401-бабының талаптарын орындайды, содан кейін істі келіп түскен шағымдармен, наразылықпен және оларға қарсылықтармен қоса апелляциялық сатыға жібереді. Істі апелляциялық тәртіппен қараудың уақыты мен орны туралы процеске қатысушыларға апелляциялық сатыдағы сот хабарлайды. Сот талқылауы барысында шығарылған, үкім шығарумен аяқталған қаулыға шағым, наразылық берілген жағдайда іс үкімге шағымдану үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін ғана жоғары тұрған сот сатысына жіберіледі.

Істерді апелляциялық тәртіппен қарау мерзімі іс апелляциялық сатыдағы сотқа келіп түскен кезден есептеледі.»;

60) 408-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Бірінші сатыдағы сот апелляциялық (жеке) шағымдар мен наразылық беруге арналған мерзім өткен соң және осы Кодекстің 401-бабының талаптарын орындағаннан кейін істі тиісті апелляциялық сатыға жібереді.
2. Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тараптарға апелляциялық сатыдағы сот хабарлайды. Қамауда отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде апелляциялық сатыдағы сот отырысына қатысу туралы өтініш түскен кезде, апелляциялық сатыдағы судья істі сотталған адамның тікелей қатысуымен не аталған адамның қашықтықтан қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып қарау туралы қаулы шығарып, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді.»;
61) 408-1-баптың үшінші бөлігіндегі «өзі қабылдаған шешімдер көрсетіледі» деген сөздер «және істі апелляциялық тәртіппен қарау уақыты мен орны туралы өзі қабылдаған шешімдерді көрсетеді» деген сөздермен ауыстырылсын;
62) 411-баптың бірінші бөлігі 8) тармақтағы «жіберу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.» деген сөздер «жіберу туралы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақпен толықтырылсын:
«9) қаулыны өзгерту, жаңа қаулы қабылдау арқылы қаулының күшін жою туралы шешімдердің бірін қабылдайды.»;
63) 420-1-баптың бірінші бөлігінің 3) тармағындағы «, қосымша жаза қолдану» деген сөздер алып тасталсын;
64) 421-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-1) тармақпен толықтырылсын:
«4-1) дұрыс белгіленген жағдайлар, дәлелдерді толық зерттеген және талдаған, сотталғанның іс-әрекетін дұрыс құқықтық дәрежелеген және негізгі жаза дұрыс тағайындалған жағдайда қосымша жаза қолдануға;»;
65) 450-баптың бірінші бөлігіндегі «қамауға» деген сөз «абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;
66) 452-баптың бірінші бөлігінде:
бірінші абзацтағы «, қамауға» деген сөз алып тасталсын;
2) тармақ «жас балалары болса» деген сөздерден кейін «және жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектерге қатысты» деген сөздермен толықтырылсын;
67) 453-бапта:
1) тармақтағы «немесе қамауға алумен», «, қамауға алумен» деген сөздер алып тасталсын;
3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3) жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабы) туралы, жазаның өтелмеген бөлігін

неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 71-бабы) туралы;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақпен толықтырылсын:

«3-1) жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жою (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабының жетінші бөлігі) туралы;»;

10) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10) кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің шығуы себепті жазадан босату немесе жазаны жеңілдету туралы, сотталған жасаған әрекеттің дәрежеленуін өзгерту, жазалау мерзімін, қылмыстың қайталануын қысқарту туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 5-бабы);»;

68) 454-бапта:

үшінші бөлік «жазаны жеңілдету» деген сөздерден кейін «, сотталған жасаған әрекеттің дәрежеленуін өзгерту, жазалау мерзімін, қылмыстың қайталануын қысқарту» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі «3-тармағы» деген сөздер «3-1-тармағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

69) 455-бапта:

үшінші бөліктегі «4,» деген цифр «3, 4» деген цифрлармен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы Кодекстің 453-бабының 1), 2), 3), 3-1), 5), 6), 7), 10) және 11) тармақтарында көзделген жағдайларда сот отырысына өзіне қатысты іс қаралатын сотталғанның қатысуы міндетті. Осы Кодекстің 453-бабының 1) тармағында көзделген жағдайда сотталғанның Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасырынып жатқандығына жеткілікті негіздеме болған кезде сотталғанның сот отырысына қатысуы міндетті емес. Сотталған сотқа ұсынылған материалдармен танысуға, оларды қарауға қатысуға, өтінішін және қарсылық білдіруін мәлімдеуге, түсініктер беруге, дәлелдемелер ұсынуға құқылы.»;

70) 461-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Соттың заңды күшіне енген қаулысына істі қосымша тергеуге немесе жаңадан сот қарауына жіберу туралы өтінішті, наразылықты, егер оларды сот қабылдамаса немесе қосымша тергеу жүргізілмесе, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қайта қарау туралы өтініш жасауға, соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық білдіруге құқығы бар адамдар соттың қаулысын алған күннен бастап он бес тәулік ішінде бере алады.»;

71) 474, 475 және 476-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«474-бап. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғау

1. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғау құқығы сотталғанға, ақталғанға, жәбірленушіге немесе олардың заңды өкілдеріне, қорғаушыларына,

сондай-ақ прокурорға тиесілі. Өтініш үкім, қаулы шығарған сотқа беріледі.

2. Азаматтардың, оның ішінде осы іс бойынша процеске қатысушылардың өтініштері, ұйымдардың лауазымды адамдарының хабарламалары, сондай-ақ басқа қылмыстық істерді тергеу және қарау барысында алынған деректер жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғауға себеп болады.

3. Егер келіп түскен өтініште немесе хабарламада осы Кодекстің 471-бабының екінші бөлігінің 1-3-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты шығарылған сот үкімінің бар екендігіне сілтеме болса, сот өзінің қаулысымен жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғайды, қылмыстық қудалау органдарынан және соттан тиісті іс жүргізу құжаттарын талап ете отырып, осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша сот талқылауын жүргізеді.

4. Егер өтініште немесе хабарламада осы Кодекстің 471-бабының екінші бөлігінің 4 -тармағында аталған өзге де мән-жайлар көрсетілсе, сот тергеу жүргізу үшін прокурорға материалдарды жібереді. Жаңадан ашылған мән-жайларды мұндай тергеу кезінде осы Кодекстің қағидалары сақтала отырып жауап алу, қарап-тексеру, сараптама жасау, алу және өзге де тергеу іс-әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Тергеу нәтижелері бойынша прокурор сотқа қорытынды беріп, онда тергеу нәтижелерін баяндайды және сотқа өтінішті қанағаттандыруды не оны қанағаттандырудан бас тартуды ұсынады.

5. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғауға негіздер анықталмаса, прокурор дәлелді қаулысымен оны қозғаудан бас тартады. Прокурор қаулысының көшірмесі іс қозғау туралы өтініш жасаған адамға осы Кодекстің 109-бабындағы тәртіппен жоғары тұрған прокурорға және сотқа қаулыға шағымдану құқығын түсіндіре отырып, оған үш тәулік ішінде жіберіледі.

475-бап. Сот отырысы аяқталғаннан кейінгі соттың іс-әрекеті

1. Жаңадан ашылған мән-жайлардың материалдарын тексеру туралы өтінішті қарау жөніндегі сот отырысы аяқталғаннан кейін сот өтінішті қанағаттандырып, үкімнің, қаулының күшін жояды және істі жаңадан тергеуге немесе жаңадан сот талқылауын жүргізуге жібереді не жаңадан тергеу немесе сот талқылауы талап етілмесе, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады не іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығару арқылы қайта қараудан бас тартады.

2. Қылмыстық іс бойынша іс тоқтатылатын, үкімнің күшін жою туралы қаулыны қоспағанда, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша үкімді, қаулыны қайта қарау туралы өтінішті қанағаттандыру туралы қаулы наразылық білдіруге жатпайды.

Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы оған жоғары тұрған сотқа шағымдану құқығын мүдделі адамдарға түсіндіре отырып, олардың назарына жеткізіледі.

3. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізу бойынша сот қабылдаған қаулылар, оларға жоғары тұрған сотқа шағымдану құқығы бар екенін не ондай құқығы жоқ екенін мүдделі адамдарға түсіндіре отырып, олардың назарына жеткізіледі.

476-бап. Соттың іс бойынша іс жүргізуді қайта жалғастыру туралы мәселені шешуі

Сот шешімдерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта карауды үкім, қаулы шығарған бірінші сатыдағы сот жүзеге асырады. Егер іс бойынша апелляциялық немесе кассациялық сатылардың қаулысы шығарылған болса, сот шешімдерін қайта карауды тиісінше көрсетілген сатылар жүзеге асырады. Егер іс қадағалау тәртібімен қаралған болса, сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау Жоғарғы Сотта қаралады. Тиісінше көрсетілген сот сатылары соттың іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қайта жалғастыруға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына берілген шағымдарды қарайды.»;

72) 477-бап алып тасталсын;

73) 490-баптағы «прокурор санкция берген тергеушінің қаулысы бойынша немесе» деген сөздер алып тасталсын;

74) 512-бапта:

бірінші бөліктегі «туысқаны» деген сөз «туысқаны немесе өзге тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның заңды өкілінің сотқа қатысуы міндетті болып табылады.»;

75) 525-баптың бесінші бөлігіндегі «тиісінше Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы немесе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі арқылы» деген сөздер «белгіленген тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

76) 543-баптың тақырыбындағы «Облыстық және оған теңестірілген сотта алқабилердің» деген сөздер «Алқабилердің» деген сөзбен ауыстырылсын;

77) 551-бапта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Алқабилерге кандидатты істі қарауға қатысудан босату туралы мәселені объективті шешу мақсатында төрағалық етуші алқабилерді іріктеу кезінде кандидаттарға жәбірленуші, айыпталушы және оның қорғаушысы жазбаша нысанда ұсынған сұрақтарды, сондай-ақ өзінің қалауы бойынша, алқабилер алқасын құру үшін маңызы бар басқа да сұрақтарды қоюы мүмкін. Прокурор кандидаттарға сұрақтарды өз бетінше және ауызша нысанда қояды.»;

сегізінші бөліктегі «он алтыдан» деген сөздер «он жетіден» деген сөздермен ауыстырылсын;

78) 557-бапта:

үшінші бөліктегі «судьялар» деген сөз «судья» деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі «судьялар» деген сөз «судья» деген сөзбен ауыстырылсын;

79) 560-баптың үшінші бөлігіндегі «Судьялар» деген сөз «Судья» деген сөзбен ауыстырылсын;

80) 562-баптың бесінші бөлігіндегі «судьялар» деген сөз «судья» деген сөзбен ауыстырылсын;

81) 565-баптың бірінші бөлігіндегі «Екінші судьяның қатысуымен төрағалық етуші » деген сөздер «Төрағалық етуші» деген сөздермен ауыстырылсын;

82) 567-бапта:

бірінші бөліктегі «Судьялар» деген сөз «Судья» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «судьялар» деген сөз «судья» деген сөзбен ауыстырылсын;

83) 571-баптың бірінші бөлігінің 1) тармағындағы «екінші судьяның және» деген сөздер алып тасталсын;

84) 575-баптың үшінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Прокурордың, жәбірленушінің немесе оның өкілінің дәлелдемелерді ұсыну құқығын шектеген қылмыстық іс жүргізу заңын бұзушылық, оның ішінде жол берілетін дәлелдемелерді негізсіз алып тастау жағдайларын, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінің 5) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, алқабилер қатысқан соттың ақтау үкімі кассациялық сатыда күшін жоймауға тиіс.».

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат):

1) мынадай мазмұндағы мазмұнмен толықтырылсын:

«Мазмұны

Жалпы бөлім
1-бөлім. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы
1-тарау. Жалпы ережелер
1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы
2-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары мен міндеттері
3-бап. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының сотталған әскери қызметшілерге қатысты қолданылуы
4-бап. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының кеңістік пен уақыт тұрғысында қолданылуы
5-бап. Жазаны атқару негіздемесі

6-бап. Қылмыстық-атқару заңнамасының принциптері
7-бап. Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары
2-тарау. Сотталғандардың құқықтық жағдайы
8-бап. Сотталғандардың құқықтық жағдайының негіздері
9-бап. Сотталғандардың негізгі міндеттері
